'Srimad-Bhagavatam' (2017) Canto Eleven, Vol. 2. M.: «The Bhaktivedanta Book Trust». – 270.

https://www.oum.ru/yoga/vedicheskaya-kultura/katkha-upanishada

ҒТАМР 21.91 https://doi.org/10.26577//EJRS.2021.v26.i2.r4

**Ш. Керім, А. Альмухаметов***

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Қазақстан, Алматы қ.
*e-mail: alirauf210@mail.ru

# УКАША АТА МЕН ҚОРАСАН АТА ТУРАЛЫ ХИКАЯТТАР

Мақалада хикаят жанрының өзіндік агиологиялық сипаты әулиенің киелігінің маңызды құрамды бөлшегі ретінде сакральдікті қалыптастыруға септесетіндігі, қаһарманды жәй адамдардың қолынан келмейтін ғажайып тұлға етіп суреттеп, әсерлеуге, әулиеге сенімін күшейтуге бағытталғаны көрсетіледі. Мұхаммед Уккаша ибн Михсин ал-Асади атты сахаба болғаны, оның соғыстарға қатысып, ерліктерімен көзге түскендігі, 632 жылы дүниеден өткендігі баяндалады. Түркістан облысындағы киелі орын Укаша атаға қатысты хикаяттың өзегін құрайтын атса оқ өтпеу, шапса қылыш өтпеу, намаз оқып жатқанда басын шабу, кесілген бас мотивінің Хорасан ата, Арыстан бап, Масат ата және Шақпақ атамен басқа әулиелерге де байланысты айтылатын қайталанбалы, тұрақты мотивтер екендігі дәйектеледі. Укаша ата қару дарымайтын кейіпкерді жауларының айла жасап, оның осал жерін әйел заты (мыстан, кейде жұбайы) арқылы қулықпен біліп алып, қастандық жасауы – фолькорда, ертегілерде таңбаланған байырғы сарын. Тек бұл оқиғаға діни сипатта қайта түлеп, кейіпкерді исламды тарату жолында шайқасушы, жауы – дін дұшпандары етіп бейнеленген. Укаша ата таң намазға ұйығанда ештеңеге аландамайтын, құлшылыққа шын берілгенде денесі босап, төнген қауіп-қатерге де қарамайтын тақуа ретінде сомдалады.

**Түйін сөздер:** әулие, хикаят, мифология, киелі (сакральді), ислам.

Sh. Kerim, A. Almuhametov*
Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Kazakhstan, Almaty
*e-mail: alirauf210@mail.ru

**Stories about Ukasha Ata and Korasan Ata**

The article deals with the peculiar hagiological character of the narrative genre contributes to the formation of sacredness as an important part of the sanctity of the saint, portrays the hero as a miracle-working, inaccessible to ordinary people, is aimed at creating impressions, strengthening faith in the saint. It is reported that there was a companion named Muhammad Ukkasha ibn Mihsin al-Asadi, who participated in the wars, became famous for his heroism, died in 632. At the heart of the story of Ukasha-Ata, a sacred place in the Turkestan region, it is proved that bullet impenetrability, sword impenetrability and beheadings during prayer, the motive of the severed head are repeated, stable motives associated with Khorasan-Ata, Arystan Bap, Masat-Ata and Shakpak-Ata and other saints. The impenetrable hero-Ukasha-ata is deceived by his enemies, who try to find out his vulnerability through a woman (a witch, sometimes his wife) and make an attempt - an ancient myth that is also noted in folklore and fairy tales. Only this event revived the religious character, portraying the hero as fighting on the path of the spread of Islam, the enemy-the enemies of religion. Ukasha ata is depicted as a God-fearing person who does not worry about anything during morning prayers, and when he is committed to slavery, his body is freed and he does not pay attention to any threats.

**Key words:** Saint, narrative, mythology, saint (sacred), Islam.

Ш. Керим, А. Альмухаметов*
Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Казахстан, г. Алматы
*e-mail: alirauf210@mail.ru

**Истории об Укаша ата и Корасан ата**

В статье рассматривается своеобразный агиологический характер повествовательного жанра, который способствует формированию сакральности как важной составной части святости святого, изображает героя свойством чудотворности, недоступной обычным людям, направлен на произведение впечатления, укрепление веры в святого. Сообщается, что был сподвижник по имени Мухаммад Уккаша ибн Михсин аль-Асади, который участвовал в войнах, прославился своим героизмом, умер в 632 году. В основе истории об Укаша-Ате – сакральном месте в Туркестанской

© 2021 Al-Farabi Kazakh National University

области, доказывается, что пуле- и мечененепробиваемость, обезглавливание во время намаза, мотив отрубленной головы являются повторяющимися, устойчивыми мотивами, связанными с Хорасан-Ата, Арыстан Бап, Масат-Ата и Шакпак-Ата и другими святыми. Непроницаемый герой Укаша-ата обманут своими врагами, которые пытаются выяснить его уязвимое место через женщину (ведьма, иногда его жена) и совершить покушение, – древний миф, который также отмечен в фольклоре и сказках. Это событие возродило религиозный характер, изображая героя как сражающегося на пути распространения ислама, а врага – как врагов религии. Укаша ата изображается как богобоязненный человек, который ни о чем не беспокоится при утренней молитве, а когда предан рабству, его тело освобождается и он не обращает внимания ни на какие угрозы.

**Ключевые слова:** Святой, повествование, мифология, святой (сакральный), ислам.

## Кіріспе

Әулиеге сенім бағзы дәуірлерден тамыр тартатын иланымдар мен аруаққа сыйыну түсінігін бойына сіңіріп, күрделі, синкретті құрылым түзген. Өлі аруақтарға сену, марқұмдардың қабірлеріне зиярат жасау, түнеу, олардан қиналғанда жәрдем сұрау, жебеу тілеу, құрбандық шалу тәрізді ғұрыптардың пайда болуы өте көне дәуірлерден бастау алады.

Ежелден келе жатқан аруақтарға тәу ету иланымы кейін исламдық сипат ала бастаған. Алайда халықтың мұндай наным-сенімдері ислам қағидаларымен толықтай сәйкес келе бермеуі мүмкін.

Әулие адамдардың қабірлері зиярат орындарына айналған, қиындықта, ауырғандардың жәрдем тілеуі, басына қонуы, мал атап, садақа беру сынды ғұрыптар әлі де жалғастық табуда. Қазіргі уақытта мұндай киелі мазарлар жөнделіп, жандарында түнейтін қонақүйлер пайда болған, шырақшылары бар, Құран оқылады, ас беріледі, жол салынған, келіп-кететін адамдар үзілмейді. Соңғы жылдары мұндай қастерлі орындар «Рухани жаңғыру» аясында мемлекет пен жергілікті әкімшіліктер тарапынан да қамқорлыққа алынатын болды. Аталғандай зиярат орындары Қазақстанның әртүрлі өңірлерінде кездеседі. Міне осы әулиелерге телініп айтылатын аңыз, әңгіме, хикаят, әпсана фольклорлық жанрларға жатады. Біздің мақсатымыз – фольклордағы әулиеге байланысты көріністерді саралау. Мәселен бұл эпостық жанрларда әулиеге сыйыну, перзент сұрап басына қону, қысылғанда-қиналғанда жебеу, жалбарынып көмек тілеу сарындары ретінде жырланған. Жалпы ғылымда әулиелермен байланысты әдебиетті агиография (гректің hagios – қасиетті, grapho – жазу сөзінің бірігуінен шыққан) деп атайды. Ә. Муминов Қазақстанның Оңтүстігіндегі ислами әулиелерге қатысты жазбаша «насапнамалар» мен ауызша әңгімелерді «киелі аңыздар» (сакральное сказание) атты тарау аясында сөз етеді (Муминов, 2011: 93-119).

Академик Сейіт Қасқабасов діни сипаттағы үлгілерге «хикаят» деген терминмен айдарлап, қазақ халық прозасының құрамындағы дербес бір дара жанры ретінде қарастырады, осы түрдің өзіндік ерекшелігі жайлы былайша түйін түйген: «Хикаяттарда әңгімеленетін оқиғалар тыңдаушылар арасында сенімсіздік тудырмайды, өйткені, олар пайғамбарлар мен әулиелердің іс-әрекеті немесе басынан кешкен оқиғалар болып баяндалады.

## Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Хикаят жанры, негізінен, Қазақстанда ислам дінінің таралуымен байланысты қалыптасқан. Оның түп-төркіні, сөз жоқ, көне заманның мифологиялық түсінік-нанымдарымен сабақтас. Хикаят таза мұсылмандық мифологияға негізделмейді, онда архаикалық мифтің де, әпсана мен аңыздың да, тіпті, ертегінің де қасиеттері ұшырасады. Сондықтан бұл жанрдың пайда болу процесін ислам дәуірінен бұрынырақ деп түсіну керек, ал жанр ретінде толық қалыптасуы исламның қазақ еліне кең тараған кезіне сәйкес келеді» (Қасқабасов, 2014: 160).

## Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Біз де Сейіт Қасқабасов ұсынған осы терминді қолданып, орнықтыруды жөн санадық. Қазақстандағы ислам дініне қатысты әулиелерге телінетін хикаяттарға тоқталып, хас белгілерін айқындауды, тұрақты мотивтердің сюжет құраудағы қызметін, шындыққа қатысын саралауды көздедік.

Хикаят әулиенің киелігінің маңызды құрамды бөлшегі ретінде діни сезімге ықпалын тигізеді, яғни сакральдікті қалыптастыруға септеседі, халықтық сенімді күшейтуге қызмет етеді.

**Негізгі бөлім**

Киелі орын **Үкаша ата** қабірі атты Түркістан облысындағы Қаратаудың күнгей сілемі, Түркістаннан 42 шақырым жерде. Ел аузындағы әулиеге қатысты оқиға жалаң айтылмай, нақты жағрапиялық нысанмен байланыстырылады. Хикаятта Мұхаммед пайғамбардың сахабаларының бірі, әрі қорғаушысы болған, соңғы пайғамбардың жауырын тұсындағы мөрін сүйгеннен кейін, денесіне оқ дарымаған ешбір пенденің оғы өтпейді, қылышы кеспейтіндігі туралы баяндалады. Үкаша ата тек таң намазын оқыған кезде қорғансыз қалады екен. Жаулары айлакерлікпен әйелінен сахабаның осал жерін біліп алыпты. Кәпірлер Үкаша ата таң намазын оқып отырған кезде келіп басын қылышпен шауыпты. Жансыз бас қырдың етегіне дейін домалап түскенде жер қақ айырылып құдық пайда болады. Соған түскен бас жер асты өзен арқылы ағып Мұхаммед пайғамбарға жетіпті. Зияратшыларға әулиенің шырақшылары Үкаша атаның қабірінен төмендегі сол құдықты, атаның түйесінің ізі қалған тасты көрсетеді. Келушілер осы құдыққа кезекпен шелек салып су алуға әрекет етеді. Су біреулерге беріледі, біреулерге қанша мәрте шелек салғанымен бір тамшы су ілінбейтіні бар. Мұны шелек тастап отырған адамның күнәсіне балап түсіндіреді» (Қожа, 2013: 48).

Осы баяндалған хикаятқа қатысты екі жайтқа тоқталып, айқындай түспекпіз. Біріншіден, Укаша есімі, ол кім болған, тарихи адам ба деген, екіншіден, жоғарыда сюжеттің қаншалықты тұрақтылық сипатқа ие деген сауалға жауап беру. Ел аузындағы хикаяттарда ол пайғамбардың сенімді серігі, қазақ даласында Ислам дінін таратушы, осы жолда шаһидтік қаза болған тұлға сипатталады. Ал тарихи шындыққа келсек, Мұхаммед Уккаша ибн Михсин ал-Асади атты сахаба болғаны мәлім, ол мұсылманшылықты қабылдап, Мәдинаға қоныс аударған, Бадр және басқа соғыстарға қатысып, ерліктерімен көзге түскен, ол 632 жылы дүниеден өткен (Turkive Diyanet vakfi islam ansiklopedisi, 2012: 70-71). Ал оның жоғарыдағы хикаятта айтылғандай Мұхаммедтің арқасындағы пайғамбарлық мөрін сүйген жалғыз сахаба екендігі жайындағы аңыз белгілі. Алайда оның қайда жерленгендігі турасында мәліметтер жетпеген.

Сахабаның қабірі делінетін орындар Түркияның Газиантеп облысындағы Нурдағы ауданында, Өзбекстанның Ташкент облысында, сондай-ақ Ауғаныстанның Балх облысында бар (Маликов, 2015: 55-62).

Ал екінші мәселеге көшсек, сюжеттің бұрыннан Қаратау өңіріне таралғандығын Мәшһүр Жүсіп Көпеев хатқа түсірген төмендегі мысал айғақтайды: «Біздің бұрынғы ата-бабаларымыз: «Біз Аққөсе сахабадан екенбіз» – деп те жүрді. Пайғамбар дүниеден қайтқаннан кейін «Мұғерраса» (Мохтраса) деген кәпірлермен соғыс ашамыз» – деп, хазірет Ғұмардың халифа күнінде Аққөсе, Имамбайып, Құтты қожа сахабалар Қаратауда шаһид болып, зираттары сонда болғандықтан, Аққөсе сахабалар Қаратауда шаһид болғандықтан «Аққөсе сахаба моласы» деп зиярат қылғандықтан соның ұрпағымыз» деп жүргені сол екен. Бұл күнде Қаратауда зияраты ол кісіні «Домбы ата» дейді екен.

Ертегі қылып сөйлеушілер: «Аққөсе сахаба Ерқоян деген жолдасымен екеуі шаһид болған» – дейді. Аққөсенің басы домалап қашқан, жер тесіліп, жол берген» – дейді. «Жерінің астымен барса, сол басы Зәмзәм Шәріптен шыққан» – дейді. Осы күнде бастың жер астына түскен жері құдық сықылды қып-қызыл қия тас. Зияратқа барушылар арқанмен байлап, кісі түсіреді екен (Көпейұлы, 2008: 58).

Яғни Мәшһүр Жүсіп хатқа түсірген нұсқада – Аққөсе, Домбы ата. Демек бұрыннан белгілі сюжет уақыт өте келе Укаша атаға телініп, жауларының аңдып жүруі, осылайша әйелі сырын айтып қоюы, намаз оқып жатқанда басын шабуы сынды белгілі мотивтер қосылып, айшықтала түскен. Егер Мәшһүрдің ХХ ғасырдың басында өмір сүргенін ескерсек, Домбы ата Аққөсеге, ал Аққөсенің Укаша есімімен ауыстырылуын беріде Кеңестік дәуірде жүзеге асқан шамалауға болады. Ал Укаша есімі қазақ арасында Мұхаммед өмірінің соңғы уақытына байланысты, Укашаның оның пайғамбарлық мөрін сүйгендігі туралы аңыз арқылы мәлім болған. Бұл аңызды Ш. Уәлиханов хатқа түсірген (Уәлиханов, 1984: 273-274). Укаша есімінен байланыстырылатын осы оқиға Мәшһүр Жүсіп, Жүсіпбек Шайхисилам, Шәді төре Жәңгірұлы т.б. ақындардың пайғамбар өміріне жырлаған қисса-дастандарына арқау болған (Көпейұлы, 2003: 175-185; Балалар сөзі, 2005: 71-88, 272-275; Жәңгірұлы, 1995: 103-109).

Түріктер арасындағы Укаша турасындағы халықтық дастанды ғылым докторы Эсад Кожан тарихи-әдеби тұрғадан талдаған (Coşan, 1983: 275-286).

Ә. Муминов, А. Тойшанұлы, С. Қондыбай, А. Маликов Укаша атаға байланысты сюжеттің қайталанбалы екендігіне, бұл оқиғаның басқа да әулиелерге жанасты айтылатынын тілге тиек

етеді (Муминов, 2011: 104-106; Қондыбай, 2007: 100; Маликов, 2015: 55-62).

Укаша атаға қатысты хикаятта тұрақты мотивтер атса оқ өтпеу, шапса қылыш өтпеу, намаз оқып жатқанда басын шабу қолданылған. Қару дарымайтын кейіпкерді жауларының айла жасап, оның осал жерін әйел заты (мыстан, кейде жұбайы) арқылы қулықпен біліп алып, қастандық жасауы – фолькорда, ертегілерде таңбаланған байырғы сарын. Сахаба ертегіге тән батыр, күрескер кейпіне енген. Тек бұл оқиғаға діни сипатта қайта түлеп, кейіпкерді исламды тарату жолында шайқасушы, жауы – дін дұшпандары етіп бейнеленген. Үкаша ата таң намазға ұйығанда ештеңеге алаңдамайтын, құлшылыққа шын берілгенде денесі босап, төнген қауіп-қатерге де қарамайтын тақуа ретінде сомдалады. Осы сюжет маңғыстаулық Масат ата туралы хикаятпен үндеседі. Масат ата намаз оқыған сәтінде кесілген басын етегіне салып, соңынан ерген құлынды биесін жетелеп, жүгіре жөнеледі. Мен 1987 жылы ғылыми сапармен әулие басында болғанымда мешітті, құдықты, тас үстінде адаммен, жылқы, құлынның іздерін, осы кезде таста балқыған, із, шашыраған қып-қызыл қанның дақтары содан қалған деп көрсетті. Ал іздерді нақты бір адамдармен байланыстыру ескі ната-түсініктен өрбиді. Ал Масат атаның жер асты мешіті бар, бірақ зираты жоқ.

Ал Масат басын жерге түсірмей тастың үстімен құлынды биесі де кісінеп ілесе жөнеледі. Масат көк тастың жиегіне жете бергенде аспан күңіреніп, қара жер қақ айырылады да, оған етегіне басын салған қалпы алдымен Масат, соңынан биесі кіріп кетеді. Осында жерасты мешіті, дөңнің жар болып келетін бауырында орналасқан. Төбесінде ойылған домалақ тесігі тақта тастармен жабылған. Ол жарық пен ауаға арналған терезе болса керек. Мешіт қазіргі таңда пайдаланылмайтын екі құдықтың дәл жанында. Көк тасты бауырға шаншылған сырық – осы әулиеге мінажат ететін нысан (Керелбаев, 2018: 338).

С. Қондыбай жазып алған нұсқаға қарағанда ол пырақ болып ұшып кеткен (Қондыбай, 2007: 38). Мұнда ертегілік қаһармандарға тән қасиетті бойына жинақтаған. Масат ата оқиғасы өткен орын бұрын көшпелілер үшін қоныс болған, құдықты, осы жердің қатал табиғатына ыңғайластырылып жер асты мешіті салынған. Әрине, Маңғыстаудың қай-қай жерінде болсын исламды таратуды сопылардың ерен қызметі болғаны айқын байқалады. Ертеректе Маңғыстаудан жазылып алынған тағы бір хикаятта осыған ұқсас оқиға Шақпақ атаға телінеді. Оның да дұшпандарынан қашқаны баяндалады. Алдынан тас жолыққанда соған шығып намаз оқуға кірісіп, уақыттың қалай өтіп жатқанын білмей ғибадаты екі жылға созылады, әлгі тастың үстінде оның сәждеге барғандағы аяғының, алақандары мен мұрынының ізі қалған. Екі жылдан кейін осы жерге келген жауы оның басын шабады, Шақпақ ата кесілген басын қолтығына қысып қаша жөнеледі, содан көзден таса болады. Ал тастың үстінде оның аяғының іздері сақталған (Сборника сведений о кавказских горцах, 2007: 137).

Хорасан атаға байланысты хикаятты Каллаур молла Абдулла Нияздан жазып алған. Оны И.А. Кастанье өз кітабында келтірген: Хорасан Хусеин ғази деген ұлы болған. Қалмақтарға қарсы ғазауат соғысын жүргізуші. Оған еш найза, қылыш, мылтық оғы өтпейді, тек оның әйелінен сұрап-біледі, таң бамдат намазының парызын оқып жатқанда ажал құштырады (Кастанье, 2007: 302). Осы келтірілген мысалдардан байқайтынымыз – қасиетті мекенде жерленген кісілердің барлығы жау қолынан шаһидтікпен мерт болатындығы. Ал бұл оқиға желісі қырғыздар арасынан хатқа түскен нұсқада бұл Арыстан бапқа, ал Өзбекстанның Қашқардария облысындағы Дехканабад ауданындағы Абдрахман әулиеге қатысты да әңгімеленеді (Абрамзон, 2018: 54).

Осы келтірілген хикаят үлгілерінен екі сарын байқаймыз. Біріншісі белгілі Укаша ата да, Хорасан та, Арыстан бап, Масат ата және Шақпақ атамен байланысты айтылатын ортақ сарын – елі мен жерін жаудан қорғаған, дінсіздермен күресуші, тек қазақтардың Хорасан ата мен қырғыздардың хикаятындағы Арыстан бап қалмақтарға қарсы күресуші ретінде баяндау кейінгі дәуірдің қоспасы екендігі анық.

Укаша ата туралы хикаяттан этиологиялық (себеп-салдарлы) мифтің сипаты, яғни нақты бір нысанның пайда болуын белгілі бір оқиғамен байланыстыру байқалады.

Үкаша әулиенің басы кірген орыннан құдықтың пайда болуы, бастың жер астындағы Меккеден шығуы, осы құдық суының Меккедегі зәмзәм құдығымен жалғасатындағы – жоғарыдағы нұсқаларда жоқ, өзгеше көркемдік өрнегі. Мәшһүр Жүсіп жазып алған нұсқада Укаша атаның орнында Домбы атаны «Бұрынғы заманда бір адам таяғын тастапты. Сол адам таяғын іздеп Меккеге барыпты. Таяғы өзінен бұрын Зәмзәм Шәріптен шығыпты» деп асқақтатады (Көпейұлы, 2008: 58). Бүгінде Укаша атаға зияратқа алыс-жақыннан арнайы

келетін жұрт әулие мазарына Құран бағыштап, құдықтағы судан дәм татады. Осы орайда Қожа Ахмет Яссауидің мазарындағы оң жақтағы құдықты Меккедегі зәм-зәм құдығымен жері асты жалғасқан, шипалы, оған жуынған кісі күнәсінен тазарады деген сенім болғандығын айта кеткен жөн (Қорғанбек, 2014: 150). Осылайша әулие басындағы құдықтың Меккедегі Зәмзәммен байланыстыратындығын айту арқылы келушілерді суының емдік-шипалық қасиетіне деген сенімін күшейту діттеледі.

Қыр басында Укаша атаның денесі жерленген қабірдің ұзындығы өте үлкен, бұл сахабаның қаны тамған тұстар деп түсіндіріледі. Қазақ жерінде қабірлері ерекше ұзын, ұлғайту фактісіне Маңғыстаудағы Қырық кез әулие басына барғанда куә болған едік. Ел аузындағы хикаятқа қарағанда бір кісіні жерлемек болғанда денесі созыла берген, осылайша қырық кез болған, шындығында таспен қоршалған қабір оның алып болғанын дәлелдейді (Керелбаев, 2018: 331).

Еділ бойы бұлғарларының əпсаналарында Иван Грозный Қазанды алу кезінде бір молданың шабылған басы қаладан домалап шығады (Ахметгалеева, 1979: 46).

Түріктер арасында «Кесікбас» атты қадірленетін әулиелердің молалары жиі кездеседі (Гордлевский, 1960: 339, 352, 356, 448).

Түріктердегі әулиелерге байланысты айтылатын хикаяттардың бәріне ортақ мотив – дұшпандардың басын шабылғаннан кейін кесілген басты қолтығына қысып не біразға дейін соғысуы, не қаша жөнелуі, осындай бір әулиенің қорғанды қаһармандықпен қорғап, жаулары басын шапқанда, кесілген мүшені қолтығына қысып, құдыққа дейін барып құлауы баяндалады, әлгі Ескішаһар жақын шатқалдағы үңгір ішіндегі әулие қабіріне зиярат жасайтыны, оның құдығына ақша тастайды екен (Гордлевский, 1960: 338).

Маңғыстау өлкесінде Бала әулие атты 5 қастерлі нысан анықталған. Бұл әулиелерге байланысты айтылатын аңыз бойынша бір молданың қырық шәкірті болыпты. Ел шетіне жау тиіп, шайқаста молданың шәкірттерін түгел қырып кеткен. Соның арасында бір бала шабылған басын етегіне салып, құбылаға қарай жүгірген дейді. Жетіп жығылған жерді сол кездегі халық қасиетті орынға санап, әулие атандырған (Қондыбай, 2007: 17; Керелбаев, 2018: 124).

Бұл хикаятта бала – дін үшін күрескер емес, тек қарапайым діни білімі бар тақуалар. Бірақ сюжеттің ұйтқысын жаудың аяқ астынан шабуы, басын етегіне салып жүгіру, кейін осы орынды әулиеге айналдыру баяны құрайды.

Демек бұл көшпелі мотив тек негізгі желісі сақталғанмен, көптеген қосымшалар үстемеленіп толықтырылған. Әрқайсының көркемдік бояуы әр түрлі.

Қалай болғанда бұл сюжет бір нақты жердегі әулие саналатын нысанаға телініп, өрбиді. Қазақ даласындағы киелі зиярат орны жанында көбінесе құдық болады. Әрине алыстан шаршап келген зияратшы үшін де, жүргінші үшін де су көзінің маңызы зор. Шөлін қандырады, сумен салқындайды, эмоциялық әсерге бөлейді. Осындай күйлер әулие басындағы құдықты қасиетті деп, оны емдік құдіреті бар деп иланымды күшейтеді.

Зияратқа барғандарға әулиенің шырақшылары Үкаша атаның басы домалап түскен құдықты, атаның түйесінің ізі қалған тасты көрсетеді. Діни сезімге әсер ететін нысаналар – тау ішінің тылсымы, құдықтың құпиясы, қабірдің сыры, көркемделе баяндалған хикаят келушілерді әсерлендірмей қоймайды. Айтушы тыңдаушының психологиялық күйін ескереді. Қаратаудың қойнауындағы құдыққа тасталған шелекпен бірде су шығуы, бірде даңғырлап бос шығуы адамдардың күйіне әулиенің қалау-қаламау ихтиярына деген сенім ұялатады.

Жыл сайын Қаратау ішіндегі, жолы қиын болуына қарамастан Укаша атаға зиярат етушілер саны артуда. 2019 жылы әулиеге 142 186 зияратшы-турист барыпты. Үкаша ата кесенесі мен құдығы «Үкаша ата тарихы» музейі ашылып, оған 70-тен астам археологиялық, этнографиялық құнды заттар, фотолар және Үкаша атаға қатысты деректі жазба жәдігерлер қойылыпты (Манапов, 2020).

Оңтүстікте ислам діні үшін күрескендер қатарында аталатын әйгілі әулиелер – **Ысқақ баб пен Абд ул-Жалил бап.**

Бұл екі адам туралы ең ескі жазбаша деректер, ең көнесін XIV ғасырда жазылған «насабнамалардан», яғни қожалар шежіресінен табамыз. «Насабнамаларда» үш қасиетті қаһарман Абд Рахим, оның немере інілері Исхақ бап пен Әбд Жәлилді артықшылықтарын дәріптеу, олар пайғамбардың тікелей ұрпақтары, осылайша қожалардың әулеті тегінің асылдығын, ислам дінін жаюдағы орнын көрсету діттелген (ДиУис, Муминов, 2013: 23).

«Насапнамаларда» исламды таратудағы жорықтар мен ерліктер дәріптеле баяндалғанымен айтылмыш соғыстарды айғақтар тарихи деректер жоққа тән. Бұл

шежірелердің кейінірек дүниеге келгенін, қайта-қайта өзгеріске түскенін, уақыт өте келе өңделіп, жаңғырып отырғандығын ескерсек, онда өзек болған оқиғаларды ақиқатқа балап, тарихи шындық ретінде қабылдау қиын. Халық арасында қазіргі Қызылорда облысының Жаңақорған қаласынан жақын жерленген **Қорасан ата** жоғарыдағы «Насапнамалардағы» Абд әл-Жалилді бір адам деп есептеліп жүр (ДиУис, Муминов, 2008). Алайда «Насапнамаларда» Абд әл-Жалилдің Жент, Баршынканд қалалары маңындағы дін тарату жолындағы соғыстары, Оғыздың (Сырдария) иілімінде қаза болуы баяндалса да Қорасан ата аталмайды.

Қорасан атаға сыйыну турасында эпостық жырларда көрініс тапқан. «Қобыланды батыр» жырында Құдайдан перзент сұрап, әулие жағалаған:

«Тоқсанға келген Тоқтарбай
Әулиеге ат айтты,
Қорасанға қой айтты»,

– содан тілегі қабыл болып, бір ұл, бір қыздың дүниеге келуі халықтың сенімінен хабардар етеді (Дала фолькорының антологиясы, 2019: 238).

Қорасан атаға байланысты И.А. Кастанье келтірген хикаятта екі желі бар. Оның біріншісі Укаша атаға қатысты хикаятпен сәйкесетін жоғарыда кеңірек тоқталғандықтан бұл тұста айтып жатпаймыз.

Екіншісінде Қорасан атаның таң намазын мешітте, парыз намазын Меккеге барып оқиды екен, ұлы Хусейн ғази сұрапты «Сіз парыз намазда болмайсыз, қайда барасыз?» дегенде ата айтыпты: «Кағбаға барып оқимын» деп. Сонда баласы: «Мұнша машақат тартып күніге Меккеге барғанша, Қағбаны үшбу жерге келтірсеңіз болмай ма?» деп атасына айтыпты. Атасы айтыпты: «Менің қолымнан келмейді» деп. Ұлы айтыпты: «Маған рұқсат берсеңіз, мен Құдайдан сұрап Қағбаны бұл жерге келтірем» деген. Атасы рұқсат беріп, ұлы Құдайдан сұрап таң уақытында Қағба аспаннан ұшып келіп, Қорасан ата үстіне тоқтайды. Атасы бұл кереметті көріп, Қағбаның түскен жерді белгілеп сызып алып Қағбаны қайтарып жіберуге әмір қылды. Ұлы Хусейн ғази Құдайдан тілеп Меккені өз жағына қайтарып жібереді (Кастанье, 2007: 305). Бұл хикаятта әулиенің кереметтігі, әкесінен ұлының құдіреті басым түсетіндігі ұлғайтыла, қияли қалыпта суреттелген.

Хикаятта екі тұрақты сарын тоғысқан. Алғашқысы – Қорасанның Мекке ұшып барып, намазының парызын сонда оқып келу айрықша қасиеті көптеген мұсылмандық әулиелерге, соның ішінде қазақстандық сопыларға жиі жанастырылып айтылатын мотив, ал екіншісі – Қағбаны көшіріп әкелген ғажайып ісі.

Бірінші оқиға желісі Маңғыстаудан хатқа түскен Хаким ата мен оның ұлы Сұлтан-Әпеге байланысты хикаятта қайталанады. Әкесінің таң намазын сүннетін шаһарда, ал парызын Меккеде Қағбада оқып жүргенін білген ұлы Сұлтан-Әпе Қағбаны Бақырғанға әкелгенін көріп, осы кереметінен соң тұрғындар түгелдей оның мүритіне айналады (Сборника сведений о кавказских горцах, 2007: 132).

Мұндай асқақтатылған оқиғалардың әулиелердің кереметтігіне, ерекше қасиеттеріне риясыз нандыруға, мойынсұндыруға бағытталғаны сөзсіз**. Қорасан ата** мазаратының зиярат нысаны ретінде қадірленіп, қасиеттенуіне, сыйынушылар мен зияратшыларының арта түсуіне қазақ қожаларының үш ата болып, осылардың бір тармағы оны бабасы деп санауы да ықпалын тигізуде. Қазіргі қазақ жерінің оңтүстігін мекендейтін қожалардың үш әулетінің шежіресінде диуана қожа, аққорғандық қожалар және Қорасан қожаларды Мұхаммед пайғамбардың немере інісі әрі күйеу баласы, төртінші халифа Әли ибн Талибтің (661 қайтыс болған) Мұхаммед ибн әл-Ханафия (700 ж. қайтыс болған) атты баласынан таратады.

Тәуелсіздік тұсында **Қорасан ата** басында ас беріліп, жаңарту, абаттандыру жұмыстары жүргізді. 1994 жылы аталған жоғарыдағы хикаят желісінде арқау болған оқиғаға негізінде қабір жанында ескі сұлбаның орнына Қағбаның көшірмесі қайта салынды. Уақыт өте келе әлгі көшірме де қасиеттеу нысанына айналып, «Қағбаны» 7 рет айналған адамның қажылығы өтеледі», «Тасқа қолыңды қойып, ең үлкен арманын айтқан адамның тілегі орындалады» деген сенімге иланып тауап (айналым) жасайтындар пайда болды.

Мұндай ислам қағидаларына қайшы, кереғар ғидабат нысанының дүниеге келуі жұртшылықты екіге жарып, кікілжің тудырып отырғанын айналып өте алмаймыз.

Алматы қаласынан батысқа қарай 135 шақырым қашықтықта шипалы су көзі орналасқан шатқалдағы Жетіжол жотасында Жаманты өзені бойындағы қасиетті орынды да Қорасан атымен байланыстырады. Ол жерді тұрғындар «Арасан-Қорасан» бабалар қорығы деп атайды.

### Нәтижелері және талқылама

Ел аузындағы әңгімелерге құлақ түрсек, алғаш мұсылмандықты уағыздаушы Арасан, Қорасан есімді екі діндар қоныстанған аймағы екен. Тағы бір аңызда Арасан деген әулие адам болған. Жаудан қашып келіп, Жаманты өзенінің бойын мекен қылған екен. Сондықтан ол аймақ киелі саналады. Таудың бүйірін тесіп шыққан оншақты бұлағы бар, әрқайсысы әртүрлі ауруға ем. Әр бұлақтың өзінің емдік қасиеті бар. Бірі асқазан ауруына, енді бірі бүйрек қызметін жақсартуға, енді бірі басқа ауруларға шипа болады. Әр бұлақтың суының суық-жылылығы, дәмі әртүрлі. Жаманты минералды бұлақтарының басында үңгір мешіт бар («Арасан-Қорасан» туралы не білеміз?, 2020) Қырғыздарда Хорасан ата – шешек (ауруының) пірі (Нарынбаева, 2017: 23).

### Қорытынды

Қорыта айтсақ, екі тұлғаға қатысты хикаяттардың сарындары фолькорлық сипатты, тұрақтылыққа иеленген көшпелі сюжет, әсерлеуге құрылған. Мұндай агиологиялық хикаяттар халықтың әулиеге сенімін күшейтуге бағытталады. Хикаят әулие образын сомдауда мейлінше көтермелеп, небір әсерлеуге бой ұрады, мифтік-ертегілік мотивтерді, көркемдік құралдарды да пайдаланады. Оларды жәй адамдардың қолынан келмейтін ғажайып іс-әрекеттер, кереметтер жасауға қабілетімен таңдандыратындай тұлға етіп көрсетеді.

**Әдебиеттер**

«Арасан-Қорасан» туралы не білеміз?// kazgazeta.kz. Маусым 26, 2020.

Coşan Mahmud Esad (1983) İSLAMÎ TÜRK EDEBİYATINDA ÜKKÂŞE HİKAYESİ // A.Ü.İ.F. Dergisi. – Ankara. – C.26.

Ükkâşe b. Mýhsan/Turkive Diyanet vakfi islam ansiklopedisi (2012) 42-cilt –Istanbul.

Абрамзон С.М. (1978) Материальная культура и хозяйство Кавказа, Средней Азии и Казахстана. – Ленинград: «Наука». – 216.

Ахметгалеева Я.С. (1979) Исследование тюркоязычного памятника «Кисекбаш китабы». – М.: «Наука». – 189.

Бабалар сөзі (2005) Көптомдық шығармалар жинағы. 11 том. Діни дастандар. – Астана: «Фолиант». – 368.

Гордлевский В.А. (1960) Избранные сочинения. Том I. Исторические работы. – М.: «Издательство восточной литературы». – 552.

Дала фолькорының антологиясы. (2019) Батырлар жыры. Он томдық. 1 том. – А.: «Brand Book». – 560.

ДиУис Д., Муминов А. (2008) Исламизация и сакральные родословные в Центральной Азии: Наследие Исхак Баба в нарративной и генеалогической традициях. Том II. Генеологические грамоты и сакральное семейство XIX-XXI веков: насаб-наме и группы ходжей, связанных с сакральным сказанием об Исхаке Бабе, Алматы-Берн-Ташкент-Блумингстон.

ДиУис Д., Муминов А. (2013) Исламизация и сакральные родословные в Центральной Азии: Наследие Исхак Баба в нарративной и генеалогической традициях. Том I. Открытие пути ислама: рассказ об Исхаке Бабе, XIV- XIX. – Алматы-Блумингстон: «Дайк-Прес». – 640.

Жәңгірұлы Ш. (1995) Назым Сияр Шәриф (құраст., баспаға әзірлеген О. Құдышұлы). – А.: «Санат». – 126.

Кастанье И.А. (2007) Древности Киргизской степи и Оренбургского края. – А.: «Дайк-Прес». – 516.

Керелбаев С., Қосбармақов Б., Құлбай Н. (2018) 360 әулиелі Маңғыстау. – А.: «Информ-А». – 592.

Көпейұлы Мәшһүр Жүсіп (2008) Көп томдық шығармалар жинағы. 8 том. – А.: «Алаш». – 312.

Көпейұлы Мәшһүр Жүсіп (2003) Шығармалары. 3 том. – Павлодар: «ЭКО». – 382.

Қасқабасов С. (2014) Таңдамалы. Бірінші том. Қазақтың халық прозасы. Зерттеулер. – Астана: «Фолиант». – 320.

Қожа М. (2013) Оңтүстік Қазақстанның әулие жерлері. – Шымкент. – 148.

Қондыбай С. (2007) Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары. – А.: «Арыс». – 128.

Қорғанбек Б. (2014) Қожа Ахмет Ясауи есімімен байланысты аңыз, әпсана, хикаялар. – А.: «Эффект».

Маликов А. (2015) Святилище Укаша-ата в Южном Казахстане и ее аналогии в Центральной Азии // Известия национального центра археологии иисточниковедении. №2. – Астана. – 67.

Манапов Ә., Байболов Б. Укаша ата (142 мыңнан астам зиратшы-турист құдықтың құпиясына қанықты) // «Егемен Қазақстан» газеті, 2020, 16 сәуір.

Муминов А.К. (2011) Родословное древо Мухтара Ауэзова. – А.: «Жібек жолы». – 304.

Нарынбаева Н. (2017) Миф, уланыш, аңыз, санжыра уламышы: 26-том. – Бишкек: «Приит-Экспресс».

Предание адаевцев о святых секты ханафе, живших и умерших на Мангышлаке. (2007) “Приложения” к выпуску “Сборника сведений о кавказских горцах” за 1873 г. Тифлик // История Казахстана в русских источниках XVI–XX веков IX том. Народные предания об исторических событиях и выдающихся людях казахской степи (XIX- XX вв.). – Алматы. – 463.

Уәлиханов Ш. (1984) Бес томдық шығармалар жинағы 1 том. Предания и легенды большой киргиз-кайсацкой орды. – Алматы.

**References**

«Arasan-Qorasan» turaly ne bilemiz? (2020) [What do we know about “Arasan-Qorasan”?] // kazgazeta.kz. Mausym 26, 2020.

Coşan Mahmud Esad (1983) İSLAMÎ TÜRK EDEBİYATINDA ÜKKÂŞE HİKAYESİ [THE STORY OF ÜKKAŞE IN ISLAMIC TURKISH LITERATURE] // A.Ü.İ.F. Dergısı. – Ankara. – 26.

Ükkâşe b. Mýhsan/Turkıve Dıyanet vakfı ıslam ansıklopedısı (2012) [Turkıve Diyanet Foundation islamic encyclopedia]. 42 -cılt –Istanbul.

Abramzon S.M. (1978) Materialnaя kultura i hozyaistvo Kavkaza , Srednei Azii i Kazahstana [Material culture and economy of the Caucasus, Central Asia and Kazakhstan]. – Leningrad: «Nauka». – 216.

Ahmetgaleeva Ya.S. (1979) İscledovanie trkoyazychnogo pamyatnika «Kisekbaş kitaby» [History of the Turkic-speaking monument “The Kisekbas Book”]. – Moskva: «Nauka». – 189.

Babalar sözi (2005) Köptomdyq şyğarmalar jinağy [Collection of poems]. 11 tom. Dini dastandar. – Astana: «Foliant». – 368.

Gordlevskii V.A. (1960) İzbrannye sochineniya. Tom I. İstoricheskie raboty [Selected Works. Vol. I. Historical works]. M.: «İzdatelstvo vostochnoi literatury». – 552.

Dala folkorynyŋ antologiyasy (2019) Batyrlar jyry.On tomdyq. 1 tom [Anthology of field folklore. Composition of heroes. Ten volumes. Vol.I]. – A.: «Brand Book». – 560.

DiUis D., Muminov A. (2008) İslamizasiya i sakralnye rodoslovnye v Sentralnoi Azii: Nasledie İshak Baba v narrativnoi i genealogicheskoi tradisiяh [Islamization and sacred genealogy in Central Asia: Nasledie Ishak Baba in narrativnoi and genealogical traditions]. Tom II. Geneologicheskie gramoty i sakralnye semeistvo XIX-XXI vekov: nasab-name i gruppy hodjei, svяzannyh s sakralnym skazaniem ob İshake Babe, Almaty-Bern-Taşkent-Blumingston.

DiUis D., Muminov A. (2013) İslamizasiya i sakralnye rodoslovnye v Sentralnoi Azii: Nasledie İshak Baba v narrativnoi i genealogicheskoi tradisiyah [Islamization and sacred genealogy in Central Asia: Nasledie Ishak Baba in narrativnoi and genealogical traditions]. Tom I. Otkrytie puti islama: rasskaz ob İshake Babe, XIX-XXI. – Almaty-Blumingston: «Daik-Pres». – 640.

Jäŋgirūly Ş. (1995) Nazym Siяr Şärif (qūrast., baspağa äzirlegen O. Qūdyşūly) [Nazym Siyar Sharif]. – A.: «Sanat». – 126.

Kastane İ.A. (2007) Drevnosti Kirgizskoi stepi i Orenburgskogo kraya [Antiquities of the Kyrgyz steppe and the Orenburg region]. – A.: «Daik-Pres». – 516.

Kerelbaev S., Qosbarmaqov B., Qūlbai N. (2018) 360 äulieli Maŋğystau [Mangystau with 360 Saints]. – A.: «İnform-A». – 592.

Köpeiūly Mäşhür Jüsip (2008) Köp tomdyq şyğarmalar jinağy. 8 tom [A collection of multi-volume poems. Vol. 8].. – A.: «Alaş». – 312.

Köpeiūly Mäşhür Jüsip (2003) Şyğarmalary. 3 tom [Poems. Vol. 3]. – Pavlodar: «EKO». – 382.

Qasqabasov S. (2014) Taŋdamaly. Birinşi tom. Qazaqtyŋ halyq prozasy. Zertteuler [Selected. I vol. Kazakh folk prose. Survey]. – Astana: «Foliant». – 320.

Qoja M. (2013) Oŋtüstik Qazaqstannyŋ äulie jerleri [Holy lands of South Kazakhstan]. – Shymkent. – 148.

Qondybai S. (2007) Maŋğystau men Üstirttiŋ kieli oryndary [Holy shrines of Magystau and Ustyurt]. – A.: «Arys». – 128.

Qorğanbek B. (2014) Qoja Ahmet Яsaui esimimen bailanysty aŋyz, äpsana, hikaяlar [Poems, myths and stories associated with the name of Qoja Ahmet Yasawi]. – A.: «Effekt».

Malikov A. (2015) Svyatilie Ukaşa-ata v jnom Kazahstane i ee analogii v Sentralnoi Azii//İzvestiя nasionalnogo sentra arheologii iistochnikovedenii [Witnesses of Ukasha ata in South Kazakhstan and its analogues in Central Asia // news of the national center of archeology source study]. №2. – Astana. – 67.

Manapov Ä., Baibolov B. (2020) Ukaşa ata [Ukasha Ata] (142 myŋnan astam ziratşy-turist qūdyqtyŋ qūpiяsyna qanyqty)// «Egemen Qazaqstan» gazeti, 2020, 16 säuir.

Muminov A.K. (2011) Rodoslovnoe drevo Muhtara Auezova [Family tree of Mukhtar Auezov]. – A.: «Jibek joly». – 304.

Narynbaeva N. (2017) Mif, ulanyş, aŋyz, sanjyra ulamyşy: 26-tom [Myth, connection, mouth, genealogy: Vol. 26]. – Bişkek: «Priit-Ekspress».

Predanie adaevsev o svyatyh sekty hanafe, jivşih i umerşih na Mangyşlake. (2007) “Prilojeniя” k vypusku “Sbornika svedenii o kavkazskih gorsah” za 1873 g. Tiflik [«Supplements» to the release of the «Collection of information about the Caucasian highlanders» for 1873 Tiflik] //İstoriя Kazahstana v russkih istochnikah HVI –HH vekov IH tom. Narodnye predaniya ob istoricheskih sobytiyah i vydaihsya ldyah kazahskoi stepi (XIX – XX vv.). – Almaty. – 463.

Uälihanov Ş. (1984) Bes tomdyq şyğarmalar jinağy 1 tom. Predaniya i legendy bolşoi kirgiz-kaisaskoi ordy [Collection of five-volume poems. Vol I. Legends and legends bolşoi of the Kirghiz-Kaisak horde]. – Almaty.

IRSTI 21:21:31 https://doi.org/10.26577//EJRS.2021.v26.i2.r5

**K. Bishmanov , N. Orynbekov***

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
*e-mail: orynbekov.nur@gmail.com

# THE THREAT OF RELIGIOUS EXTREMISM IN KAZAKHSTAN AND THE ROLE OF RELIGIOUS EDUCATION IN LIMITATION

In the context of the current spiritual revival in the country, it is important to reconsider the issue of religion, which is the basis of this spirituality, in order to distinguish the correct understanding of religion from false religion, to identify the causes and consequences of negative phenomena such as radicalism, extremism and terrorism. The article is dedicated to the threat of religious extremism in Kazakhstan, its manifestations and factors, as well as the role of religious education in its restriction. The aim of article is to discuss the current religious, cultural situation and the struggle with religious extremism in the country. Extremism is a very complex phenomenon that always manifests itself. The purpose of the article is to analyze the emergence of extremism in Kazakhstan, to identify conflicts of interest of people underlying this phenomenon and historical, socio-economic, religious differences. The causes of extremism differ in each society and depend on the objective and subjective situation in that society. However, there is a basic situation of the emergence and spread of extremism. The main factors of the emergence of extremism at the present stage, experts in the world propose: a sharp decrease in the standard of living of most of the local population; distortion of public administration and political institutions.

**Key words**: religious consciousness, extremism, terrorism, islamophobia, religious education.

К. Бишманов, Н. Орынбеков*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
*e-mail: orynbekov.nur@gmail.com

## Қазақстандағы діни экстремизм қаупі және оны шектеудегі діни білім берудің рөлі

Қазіргі таңда елімізде қолға алынып отырған рухани жаңғыру аясында, сол руханиаттың негізі болып табылатын дін мәселесін қайта қарау, діннің дұрыс түсінігін жалған діншілдіктен ажыратып, діндегі радикализм, экстремизм, лаңкестік сияқты келеңсіз құбылыстарды анықтап, себептері мен салдарын анықтаудың маңызы зор. Бұл мақала Қазақстандағы діни экстремизм қаупі жайында, оның көріністері мен факторларына және оны шектеудегі діни білім берудің рөліне арналған. Заманауи діни-мәдени жағдайды талқылап, еліміздегі діни экстремизмге қарсы тұру мақсатында жазылған. Экстремизм бұл әруақытта әр қалай көрініс беретін өте күрделі құбылыс. Мақаланың мақсатына Қазақстанда экстремизмнің пайда болуына сараптама жасай келе, бұл құбылыстың негізінде жатқан адамдар мүдделерінің қақтығыстары мен тарихи, әлеуметтік-экономикалық, діни айырмашылықтарды анықтау жатады. Экстремизмнің пайда болу себебі әр қоғамда әр түрлі болады және сол қоғамдағы объективтік және субъективтік жағдайға байланысты. Әйтсе де, экстремизмнің пайда болуы мен таралуының базистік жағдайы бар. Қазіргі кезеңде экстремизмнің пайда болуының негізгі факторлары ретінде әлемдегі эксперттер мыналарды ұсынады: жергілікті тұрғындардың көп бөлігінің өмір сүру деңгейінің күрт түсуі; мемлекеттік басқару жүйесі мен саяси институттардың деформациясы.

**Түйін сөз:** діни сана, экстремизм, терроризм, исламофобия, діни білім беру.

К. Бишманов, Н. Орынбеков*

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
*e-mail: orynbekov.nur@gmail.com

## Угроза религиозного экстремизма в Казахстане и роль религиозного образования в его ограничении

В контексте текущего духовного возрождения в стране важно пересмотреть вопрос о религии, которая является основой духовности, чтобы отличить правильное понимание религии от ложной религии, выявить причины и последствия негативных явлений, такие как радикализм, экстремизм и терроризм. Данная статья посвящена угрозе религиозного экстремизма в Казахстане, его проявлениям и факторам, а также роли религиозного образования в ее ограничении. Целью статьи является обсуждения текущей религиозной, культурной ситуации и борьбы с религиозным экстремизмом в стране. Экстремизм – это очень сложное явление, которое проявляется в каждом

© 2021 Al-Farabi Kazakh National University 

конкретном случае по-разному. Целью статьи является анализ возникновения экстремизма в Казахстане, выявление исторических, социально-экономических, религиозных различий и конфликтов интересов людей, лежащих в основе этого явления. Причина возникновения экстремизма в каждом обществе различна и зависит от объективной и субъективной ситуации в этом обществе. Тем не менее, существует базисная ситуация возникновения и распространения экстремизма. В качестве основных факторов возникновения экстремизма на современном этапе мировые эксперты видят: снижение уровня жизни большей части местного населения; деформацию системы государственного управления и политических институтов.

**Ключевые слова:** религиозное сознание, экстремизм, терроризм, исламофобия, религиозное образование.

## Introduction

Kazakhstan – one of the eight super-civilizations divided by religion (Huntington, 2001: 476-496) – located in the northeast of Islamic civilization, went through a period of formation as a sovereign state and became a full-fledged member of the world community. As a result of the formation and development of our sovereignty, there have been many changes in the religious sphere of the country. Kazakhstan is experiencing all the features of the post-secular period of development. The national cultural code of Islam and Kazakhs is closely related to each other. When the traditional Kazakh asked: «Who are you»? He answered without thought: «Muslim». Of course, there are different opinions in relation to the Kazakh Islamic language. One of them is the position of «true Muslims». Some religious scholars, says the book Religion and Traditions, published by the Spiritual Administration of Muslims of Kazakhstan: «In the Kazakh steppe, unanimity, Tauhid teaching came only in the nineties of the twentieth century» (Spiritual administration of Muslims of Kazakhstan, 2014: 5). They say that «we brought pure Islam» and call for religious «jihad». From here, not all villages of extremism and terrorism.

Since ancient times, Kazakhstan has been the junction of various cultures and religions. For several centuries, various beliefs lived peacefully on the territory of modern Kazakhstan, such as blasphemy, Zoroastrianism, Manichaeism, Buddhism, Christianity (especially Nestorian and Yakovite branches), Islam. Therefore, «we are alien to intolerance or religious fanaticism. This is a spiritual tradition, to whatever extent, openness to God. This is one of the most important foundations of interfaith harmony in Kazakhstan. Kazakhstan is recognized for peace tolerance and the preservation of national interfaith harmony and dialogue. The growing worldview of the country should continue to be preserved, developed (Spiritual administration of Muslims of Kazakhstan, 2002: 112)

The holy Qur'an Karim says: «Muslims are brothers» (Khojurat Time), and the Prophet Muhammad (S.E.) in hadith warns: «A Muslim is a Muslim brother. Muslim does not spare his brother, does not abandon his enemy. Anyone who helps Muslim brother and makes up for his shortcomings will help him God. Who will save one Muslim sister from difficulties, Allah will eliminate one of her difficulties on this day. If someone hides the shortcomings of Muslim brother, then Allah finally closes his shortcomings» (Adilbaeva, 2006: 258-270).

The Kazakh people, who have made this observation a life position, negatively see mutual division and say:

«Brother, if you make me happy, God bless you».

The reason for this was the non-interference of the state in the affairs of religion. Our young people who receive religious education were sent to study abroad, for example, in countries such as Saudi Arabia, the UAE, and Pakistan. «What religion does the state hold? Does the position of any religious school correspond to our traditional religious beliefs»? It is known that after Muslims arrived in our country from the inside and firmly took root, they propagated the absence of nationalism and formed a religious cosmopolitan environment from our country.

On the territory of the Republic of Kazakhstan, the problem of illegal migration is one of the main causes of international Landtag and religious extremism. Unfortunately, we must not forget that the various religious movements and centres that have followed a very rapidly increasing unconventional orientation in the country in recent years still threaten the policies and cohesion of our State.

Today, the features of religious extremism are revealed in Kazakhstan. Those who do not now profess our independence among the Islamic religion incite our statehood, sympathize and imitate Kazakh customs, and the Ouahabists, poisoned for many years by communist ideas, say that «now it is necessary to cleanse Islam». Thus, they urge all traditional Islamic believers who profess the Kazakh people to join the

ranks of the «kapirs» and fight them. A place where religious extremists and members of unscrupulous groups do not face true Islam – they go to numerous actions prohibiting Islam.

**Justification of the choice of articles and goals and objectives**

Religious extremism is manifested mainly by the deterioration of the socio-economic situation of the country, the decline in the state of life of the population, people's dissatisfaction with the government and its policies, as well as in the presence of moral and psychological factors that affect people's lives. Religious extremism becomes the only threat that reflects the integrity of any state.

At the beginning of the years of independence of the Republic of Kazakhstan, all the main efforts to strengthen the state were aimed at building economic potential. Due to the fact that the state did not give the people a clear orientation on religious issues, the Kazakh people began to supplant information about religion and religious sermons from representatives of various religious movements.

**Scientific research methodology**

The following methods, which are currently used in religious studies analysis, were used in the preparation of the article:

– comparative-functional method: it is aimed at finding differences between the denominations being compared and religious trends, identifying the same differences in the level of purpose and use of religious and cultural units;

– the semiotic systematic-structural method consists in systematically describing not only the universal connections of religious phenomena but also the legal connections between the parts of these phenomena, their structural organization and semantics, taking into account the facts of religion and the interests of society.

– field religious and social methods are aimed at accumulating research materials that become the core of scientific knowledge.

**Main part**

In the prevention of religious extremism and terrorism, it is theoretically important to discuss several humanitarian and religious-anthropological issues. The prerequisites and reasons for the emergence of extremist organizations also include a special personal mental paradise and language. The predominance of emotionally unfavorable moments in this psychological situation, such as panic, remorse, trouble, decay, is caused by negative circumstances in life. A person is looking for ways to get rid of such negative emotions, perceived as a result of social helplessness, and eventually comes to religion. Therefore, when studying religious extremism, special attention should be paid to psychology, living conditions, spiritual worldview and mentality of people.

The sciences that justify violence and terrorism reserve the cooperation and silence of different opinions and ideas, people and religions. Because dialogue between and between different cultures is a point of non-recognition of the power and culture of peace proclaimed by humanist ethics in the twentieth century (Nurzhanov, 2001: 281). It is known that interdependent economic, technological and information communication channels prevail in the modern world. But in these channels of communication, the worst enemy of civilization is conflicts and wars, extremism and terrorism are a very dangerous challenge.

Doğan, Recai (1998) «II. Meşrutiyet Dönemi Eğitim Hareketlerinde Din Eğitim-Öğretimi.» Ankara Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi. - 38, - 361-409.

Fakültemiz Bünyesinde Felsefe ve Din Bilimleri Anabilim Dalı Tezli Yüksek Lisans Programı Açıldı (20.03.2021) https://ilahiyat.kastamonu.edu.tr/index.php/en/148-butun-haberler/3118-fakultemiz-bunyesinde-felsefe-ve-din-bilimleri-anabilim-dali-tezli-yuksek-lisans-programi-acildi

Görgün, Tahsin (2015) «Türk Üniversitesi ve Dini İlimler: İlahiyatın Akademik Yapılanması, Bölümleri ve Anabilim Dalları Nasıl Olmalıdır?» Bugünün İlahiyatı Nasıl Olmalıdır? Editör Süleyman Akyürek. – İstanbul: Ensar. – 149-164.

Hitit Üniversitesi (20.03.2021) «Üniversitemiz İle Kastamonu Üniversitesi Arasında Protokol İmzalandı». http://www.hitit.edu.tr/Haberler/2014/1/21/universitemiz-ile-kastamonu-universitesi-arasinda-protokol-imzalandi

İşte tek parti dönemi CHP'sinin camilerimize verdiği statü! Ahır, içkili restoran, depo... (20.03.2021) https://www.sabah.com.tr/gundem/2020/06/17/iste-tek-parti-donemi-chpsinin-camilerimize-verdigi-statu-ahir-ickili-restoran-depo?paging=4

Karadaş, Cağfer (2015) «İlahiyat Fakülteleri Lisans Programları Üzerine Genel Değerlendirme Ve Öneriler», Bugünün İlahiyatı Nasıl Olmalıdır? Editör Süleyman Akyürek, İstanbul: Ensar. – 205-261.

Okumuş, Ejder (2005) «Tanzimat Dönemi'nde Eğitimde Laikleşmenin İşaretleri.» Değerler Eğitimi Dergisi 3, Sayı: 9. – 143-61.

Öcal, Mustafa (2011) Osmanlı'dan Günümüze Türkiye'de Din Eğitimi. İstanbul: Düşünce Kitabevi. – 372.

Tevhidi Tedrisat Kanunu 06.03.1340 (20.03.2021) Tarih ve 63 sayılı Resmi Gazete. http://www.mevzuat.gov.tr/mevzuatmetin/1.3.430.pdf

Turan, İbrahim (20.03.2021) «Türkiye'de İlahiyat Eğitimi: İstihdam Alanı-Program İlişkisi Üzerine Bir Değerlendirme», İstanbul Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi, http://dx.doi.org/10.26650/ilahiyat.2017.19.2.0014, s. 59-77. https://tr.wikipedia.org/wiki/%C4%B0mam_hatip_lisesi;

Vikipedi, Özgür ansiklopedi (20.03.2021) https://tr.wikipedia.org/wiki/%C4%B0mam_hatip_lisesi

Yükseköğretim **İstatistikleri** (23.03.2021) https://istatistik.yok.gov.tr

FTAMP 21.21.00 https://doi.org/10.26577//EJRS.2021.v26.i2.r8

**А. Мирзаходжаев**

Өзбекстан халықаралық ислам академиясы, Өзбекстан, Ташкент қ.
e-mail: patron.81@mail.ru

# КОНФЕССИЯАРАЛЫҚ ДИАЛОГТЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ МЕН ОРНЫ (ҚАЗАҚСТАН МЕН ӨЗБЕКСТАН ТӘЖІРИБЕСІНДЕ)

Мақалада конфессияаралық қарым-қатынастар мен оның қоғамдағы рөлі мен маңыздылығы жөнінде айтылады. Сондай-ақ көпконфессиялы Қазақстан мен Өзбекстан секілді мемлекеттегі діни көзқарастар мен диалог үлгілері сипатталады. Дінаралық диалогқа келу оған мемлекет тарапынан жасалған ықпалы мен жағдайына тоқталамыз. Конфессияаралық диалогтың позитивті тұстары ел бірлігіндегі үлесі жайында сөз қозғалады. Дінаралық қарым-қатынасты реттеудегі Қазақстанның рөлі мен осы тақырыптағы жазылған ғылыми-зерттеулерді қарастыра отырып, зерттеушілердің көзқарастары беріледі. Жалпы дінаралық қарым-қатынас пен конфессияаралық қарым-қатынастардың маңыздылығы келтіріледі. «Конфессия» түсінігі жөнінде кеңірек сөз қозғаймыз. Посткеңестік кезеңдегі дінге бет бұру тұсындағы конфессияарық диалог турасында айтылады. Негізгі мақсат конфессияаралық диалогтың қоғамдағы маңыздылығы мен оның орнын анықтау болып табылады. Дінаралық және конфессияаралық қарым-қатынастың өзара ынтымақтастық пен ұлтаралық татулықты сақтаудағы рөлі айтарлықтай маңызды. Дінаралық диалогтың конфессияаралық диалогқа, ұлтаралық, мемлекет аралық диалогқа айналу мүмкіндігі бар. Заманауи сөзбен айтқанда, толеранттылық немесе діни төзімділік мұндай қадамдардың шартты құбылысы болары хақ. Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы татулық пен ынтымақтастық осындай келелі қадамдардың нәтижесі іспеттес. Осы төңіректегі мәселелер мақаланың мазмұнын қамтиды.

**Түйін сөздер:** конфессия, дінаралық диалог, позитив, жаһандану, үдеріс.

A. Mirzakhojaev
International Islamic Academy of Uzbekistan, Uzbekistan,Tashkent
e-mail: patron.81@mail.ru

## The importance and place of interfessional dialogue (in the practice of Kazakhstan and Uzbekistan)

The article discusses interfaith relations and its role and importance in society. It also describes the religious views and patterns of dialogue in countries such as multi-religious Kazakhstan and Uzbekistan. Coming to the inter-religious dialogue, we will focus on the influence and the state's influence on it. The positive aspects of interfaith dialogue are the contribution to the unity of the country. The views of researchers are presented, considering the role of Kazakhstan in the regulation of interreligious relations and written research on this topic. The importance of inter-religious and inter-religious relations in general is emphasized. Let's talk more about the concept of «confession». It is about interfaith dialogue in the post-Soviet period. The main goal is to determine the importance and place of interfaith dialogue in society. The role of interreligious and interreligious relations in supporting mutual cooperation and the international world is very important and enormous. In modern terms, tolerance or religious tolerance is a pledge of peace and unity. The content of the article covers these issues.

**Key words:** confession, interreligious dialogue, positive, globalization, process.

А. Мирзаходжаев
Международная исламская академия Узбекистана, Узбекистан, г. Ташкент
e-mail: patron.81@mail.ru

## Важность и роль межконфессионального диалога (в практике Казахстана и Узбекистана)

В данной статье рассматриваются межконфессиональные отношения, их роль, значение и важность в обществе. В данной статье также описываются религиозные взгляды и модели конфессионального диалога в таких многоконфессиональных странах, как Казахстан и Узбекистан. Рассматривается роль государства в создании межрелигиозного и конфессионального

 © 2021 Al-Farabi Kazakh National University

диалога. Обсуждаются положительные аспекты межконфессионального диалога в единстве страны. А также в статье представлены взгляды исследователей Казахстана в регулировании межрелигиозных отношений и письменные исследования по данной теме. В целом описывается важность и роль межрелигиозных и межконфессиональных отношений и разъясняется понятие «конфессия». В статье рассматривается межконфессиональный диалог в постсоветский период. Основная цель статьи – подчеркнуть важность и роль межконфессионального диалога в обществе. Роль межрелигиозных и межрелигиозных отношений в поддержании взаимного сотрудничества и межнационального мира очень важна и огромна. Межрелигиозный диалог перерастает в межконфессиональный, межэтнический и межгосударственный диалог. Современный термин как толерантность или религиозная толерантность является залогом мира и единства. Мир и сотрудничество между Казахстаном и Узбекистаном – результат правильных шагов сторон. Содержание статьи охватывает данные проблемы.

**Ключевые слова:** конфессия, межрелигиозный диалог, позитив, глобализация, процесс.

## Кіріспе

Латын сөзінен аударғанда «confession – конфессия» дін жолы немесе діни сенім ұғымын береді. Белгілі бір діни ілім тұрғысындағы діни сенім ерекшелігі, сондай-ақ бір дінді ұстанатын діндарлар бірлестігі. Бір дінді ұстанатын діндарлар бірлестігінің екінші бір дінді ұстанатын діндарлар бірлестігімен тату, ынтымақтастықта өмір сүру сипатын конфессияаралық диалог орнату дейміз. Дінаралық келісім мен конфессияаралық диалогтың орнығуы бейбіт өмір кешудің бірден бір кепілі іспеттес. Кез келген мемлекеттің діни жағдайы мен ахуалы елдегі маңызды факторлардың бірі. Конфессияаралық диалогты тудырушы халық және оның негізгі тұтынушысы да халық. Халықтың жеке дара мәдениетаралық, дінаралық, экономикалық қатынастарсыз өмір сүруі мүмкін емес, уақыт өткен сайын мәдени, діни, конфессияаралық келісім мен диалогтың маңыздылығы арта түспесе өзектілігін жоғалтпайды.

## Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

«Конфессияаралық диалогтың маңыздылығы мен орны Қазақстан мен Өзбекстан тәжірибесінде» атты тақырыпты таңдауымыздың себебі дінаралық және конфессияаралық мәселелер дүниежүзілік деңгейдегі өзекті тақырып болып отыр. Дүниежүзілік деңгейде зерттеліп отырған тақырып болғандықтан, мақала жазуға әбден лайықты тың тақырыптардың бірі де бірегейі.

## Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Ұлтаралық, конфессияаралық диалогтың маңыздылығына қатысты берілген мақаланы жазу барысында зерттеу әдістерінің келесі түрлері қолданылды: сипаттамалық әдіс, салыстырмалы, салыстырмалы-тарихи, құрылымдық әдіс, статистикалық әдіс түрлері қолданылды. Сондай-ақ, Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы дінаралық диалогтың орнауын көрсету барысында сипаттамалық және салыстырмалы әдіс көбірек қолданылды.

## Негізгі бөлім

Тәуелсіздікке қол жеткізген посткеңестік елдер арасындағы конфессияаралық диалогтың маңыздылығы мен мәні ерекше. 1991 жылға дейін Кеңестік дәуір кезеңінде дін мен діни тақырып туралы сөз қозғауға тыйым салынды. Кеңестік дәуір атеизммен сипатталады. Халықтың дінге, мәдениетіндегі ұмытылған салт-дәстүріне, мереке, мейрамдарына оралуы мен бетбұрысы олардың жеке дара ұлт, халық ретіндегі алғашқы қадамдарының бірі болды. Кеңес Үкіметі ыдырағаннан кейін оған құрамдас 15 мемлекетте өзінің өткеніне оралып, бірқатар ұмытылған дәстүрлерін қайта жаңғыртып, дінге бетбұрыс жасалды. Қазіргі таңдағы дінге бетбұрыс жасалып жатқан кездегі конфессияаралық диалог немесе қарым-қатынастың ел бірлігін сақтауға үлесі зор әрі үлкен маңыздылыққа ие болды. Көпұлтты мемлекеттердегі ұлтаралық, дінаралық, конфессияаралық байланыс мемлекеттің іргетасының мығым болуына оң әсерін тигізеді. Посткеңестік елдердің қай-қайсысын алсақ та көпұлтты, көп конфессиялы елдер қатарына жатады. Дінаралық қарым-қатынастың диалогы немесе дінаралық, конфессияаралық төзімділіктің мән-мағынасы өте зор және оның ұлтаралық ынтымақтастыққа, бірлікке алып келетіндігі даусыз. Осы орайда З. Сәрсенбаева өз мақаласында «Мәдениеттің дамуы дінді ерекше рухани құбылыс және құндылық ретінде ешқашан жоққа шығара алмайды», – дейді

(Сарсенбаева, 1996: 316). Яғни мәдениеттің дамуымен қатар, дін де дамуын жалғастырады және оның көңіл аударарлық, салмақты құбылыс екенін мойындаған жөн. Дінді ерекше құбылыс деп қарастырсақ оның зерттеу объектілері ерекше құбылыстар жиынтығы бола алады. Берілген мақаламызда осы орайдағы мәселелер кеңінен қарастырылады. Мақаланың арқауына айналып отырған тақырып «дін» құбылысының аясындағы «Конфессияаралық диалогтың мемлекет аралық қарым-қатынастағы маңыздылығы мен орны» болып отыр. Дінаралық және конфессияаралық қарым-қатынастардың оң бағытта дамуына тікелей үлесін қосатын негізгі шарттардың бірі – діни төзімділік. Діни төзімділік пен қоғамның зайырлы сипатын Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер» туралы заңының преамбуласынан көре аламыз. «Осы Заң Қазақстан Республикасының өзін демократиялық, зайырлы мемлекет ретінде орнықтыратынын, әркімнің ар-ождан бостандығы мен құқығын растайтынын, әркімнің діни нанымына қарамастан тең құқылы болуына кепілдік беретінін, ханафи бағытындағы исламның және православиелік христиандықтың халықтың мәдениетінің дамуы мен рухани өміріндегі тарихи рөлін танитынын, Қазақстан халқының рухани мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтейтінін, конфессияаралық келісімнің, діни тағаттылықтың және азаматтардың діни нанымдарын құрметтеудің маңыздылығын танитынын негізге алады», – делінген. («Діни қызмет және діни бірлестіктер» туралы Қазақстан Республикасының заңы, 2017: 3).

Ғасырлар бойы Өзбекстан, Қазақстан аумағында өмір сүрген халықтар кейбір кездерде діни сенім-нанымы өз еріктерінде болмай, күшпен сіңдірілген идеология шеңберінде тұмшаланып та қалды. Діннің қызметтерінің бірі реттеушілік қызмет болса, Кеңес үкіметі тұсында ол өз қызметін атқарудан қалды. Тәуелсіздік алған соң Өзбекстан, Қазақстан жалпы ТМД аумағындағы елдер бүгінгі таңда өз бағыт-бағдарын айқындап, мемлекеттің тұтастығы жолында діннің ролі мен өзектілігін анық аңғарды. Мемлекеттік ішкі саясатпен халықаралық байланыс кеңістігінде діни фактордың маңызы жылдан жылға артып отыр. Дүние жүзінің ғаламдасу процесіне талпынысы еліміздің алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Қазіргі таңда мемлекет қатаң секуляризация үлгісімен діннің мемлекеттік және елдің саяси өмірінде діннің маңыздылығын көтеруде стратегиялық таңдаудың алдында тұр.

Қазақстан мен Өзбекстан секілді көпұлтты мемлекеттердегі ұлтаралық қарым-қатынасты реттеуші фактордың бірі діни төзімділік болып саналады. Төзімділік кез келген жағдайға кең қарау, оң көзқарасты білдіру, өзара түсінушілік, сыйластық секілді ұғымдардың жиынтығы. Діни төзімділік дегеніміз басқа ұлттың дініне, діни киім үлгісіне, діни салт-дәстүр, діни ғибадатханаларына, жоралғыларына құрметпен қарау, өзара сыйластық көрсету үлгісі. Жалпылама сипаттағанда діни төзімділік дінаралық немесе конфессияаралық диалогтың негізгі құраушылары болып отыр. Осы тұрғыда сопылық жолының ұстазы түркі дүниесінің ғалымы Қожа Ахмет Яссауи адамдарды басқа ұлт пен халықтардың діни көзқарасына діни төзімділікпен қарауға шақырып: «Егер сенің алдыңда басқа дін өкілі тұрса, оған жәбір көрсетпе. Қатыгездің жүрегінен, жәбірленушінің рухынан құдай безеді. О ақиқатшыл Алла. Ондай құлға тозақтың жаһаннамы дайын тұр», – дейді (Яссауи, 1993: 170). Ұлттар мен ұлыстар шоғырланған біздің Қазақстан мен Өзбекстан сынды елде Қожа Ахмет Яссауидің нақыл сөзін бағамдай білу шоқтығы биік, көзі қырағы халқымыздың басты ұстанымдарының бірі болуы тиіс. Қожа Ахмет Яссауи X-XI ғасырда діни төзімділік жөнінде айтып кеткен болса, біздің ата-бабаларымыздың діни және конфессияаралық қарым-қатынастың маңыздылығын ертеден ұғынып, ой түйгендерін байқауға болады. Діни төзімділік пен конфессияаралық төзімділік пен құрметтің адамзаттың бейбіт өмір сүруінде шешуші фактор екендігі сөзсіз. Десе де діни көзқарастардың келіспейтін тұстары орын алған жағдайда діни ахуалды қадағалау, басқару мемлекеттің басқару органдарының құзырындағы міндеті. Кез келген дін мен діни бірлестікті, діни конфессия орталықтарын діни жағдайды құзыретті органдар реттестіріп отырады. Оны заң жүзінде реттестіретін заңдық құжаттар да бар, оның ең үлкені кез келген елдің Конституциясы мен Дін істері комитеті немесе әкімшілік немесе жергілікті билік органдары. Сонымен конфессияаралық қарым-қатынастарды реттестіретін ең басты құрал ол мемлекет болып отыр, анығында мемлекеттегі заңнамалық құжаттар мен құзыретті органдар. Әрине бұл тұста қарапайым халықтың өзара сыйластығы мен өзара құрметі де ең соңғы орында емес. Қоғам үнемі даму үстінде болады. Мемлекетаралық қарым-қатынас ғылыми, саяси, құқықтық, әлеуметтік, діни және мәдени байланыстар арқылы дами түседі. Көркем бай-

ланыс арқылы халықтар арасындағы құрмет, сыйластық арта түседі. Әсіресе түркі тілдес елдердің қарым-қатынастарын жан-жақты дамыту конфессияаралық татулықтың нығаюына оң ықпалын тигізеді.

Өзбекстанда дінге қатысты көптеген ауқымды іс-шаралар жүзеге асып жатыр. Өзбекстан Республикасының Президенті 2017 жылы 19 қыркүйекте Шавкат Мирзиеев БҰҰ Бас Ассамблеясының 72-ші сессиясында діни экстремизм мен терроризмге қарсы күштік әдістермен (БП, ҰҚҚ, ІІМ) күрес жүргізудің өз-өзін ақтамайтынын және оған балама ретінде жастарға және Халықаралық қауымдастыққа Исламның гуманистік мәнін түсіндіру арқылы жағдайлар жарату, сондай-ақ, БҰҰ Жастардың құқықтары туралы арнайы конвенцияны әзірлеу, БҰҰ мүше елдерге Бас Ассамблеяның «Ағарту және діни толеранттылық» туралы арнайы қаулы қабылдау туралы өз ұсынысын білдірді. (**Өзбекстан Президентінің діни резенансы**). Өзбекстан Рсепубликасы президентінің бұл игі бастамасы құптарлық жағдай. Ағарту және толеранттылық бүкіл адамзат үшін аса қажет дүние. Мұндай игі шараларды жүзеге асыру әрбір ел үшін маңызды. Ол сонау тал бесіктен, отбасынан, мектеп қабырғасынан бастау алуы қажет. Толеранттылықты қалыптастыруда орта білім беру ұйымдарының қызметі басты назарда болуы қажет. Орта мектептерде оқытылатын дінтану пәнін жетілдіре отырып, жаңа әдістерді енгізу қажет. Толеранттылықты насихаттайтын оқиғаларды оқулыққа қосып, діни төзімділіктің маңыздылығы туралы қасиетті жазбалардағы дәйектерді де келтіру керек.

Адамзатты бір-бірінен бөліп қарастыратын алғашқы нышандары оның нәсілі, ұлты, тілі діні сияқты белгілері бар деп қарастырсақ, С. Хантингтонның анықтамасы бойынша, «Бір мәдениеттің адамдарын екінші мәдениеттің өкілдерінен бөлетін тілден кейінгі екінші белгі ол дін дейді. Дін – бұл хабардар ету формасы (мифтерде) және қоғамдық біртектілікті нығайту құралы (рәсімдерде). Сонымен қатар, заң мен мораль сияқты, ол адамдардың мінез-құлқына әсер ететін институт, ол институт, қоғамның жағдайын анықтайтын нақты күш» (Гараджа, 1996: 74). Дін – адамзат қоғамындағы аса күрделі де маңызды әлеуметтік-мәдени сана. Діннің басты мақсаты – адамның рухани жетілуі және оның Жаратушы Құдайға сенімі. Дін халықтың сенім-нанымы мен діни көзқарасының көрінісі. Ал конфессия осы діннің ішінара бөлінуі болып табылады. Мақалада сөз қозғалып отырған екі елдің тамыры бір, діні бір, ділі бір болғандықтан конфессияаралық диалог жүргізудегі ұстанымдары да бір-біріне сәйкес келеді. Сонымен қатар екі ел арасында ұзақ жылдардан бері тарихта ортақ діни бағыт пен көзқарастар негізінде өмір сүріп келді деп айта аламыз.

Қазақстандағы діни конфессияларға тоқтала кетсек, соңғы статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Қазақстан Республикасындағы 18 конфессия: Ислам – 2683 (діни бірлестіктер), Протестантизм – 592, Православие – 342, Католицизм – 86, Иегова куәгерлері – 60, Жаңа Апостол шіркеуі – 24, Кришнаның сана қоғамы – 11, Иудаизм – 7 өзара тату-тәтті өмір сүруде. Әлемдік дәрежедегі үш дін исламның, христиандық, буддизмнің өкілдері пост Кеңестік елдерде мекен етеді. Қазақстандағы этносаралық қарым-қатынастар – егемендік пен тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін пайда болған жаңа әлеуметтік-саяси ақиқат. Олар кешенді сипатқа және күрделі құрылымға ие. Қазақстан халқы барлық әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени-тұрмыстық құрылымдарға, қарым-қатынастар мен үдерістерге барынша терең ықпалдасқан. Қазақстандағы этносаралық қатынастар онда тұрып жатқан барлық халықтардың қоғамдық қызметінің әр түрлі салаларындағы сан түрлі өзара байланыстары мен қарым-қатынастарының тізбегі, біртұтас органикалық жүйе ретінде қызмет атқаратынын тәжірибе көрсетіп отыр. ҚР Тәуелсіздік алғаннан кейінгі 30 жыл шамасында елде 130-дан аса ұлт өкілдері өзара ынтымақтастықта, сыйластыққа негізделген мемлекет саясатының аясында өмір сүріп жатыр деп айтуға болады. ҚР Конституция бойынша зайырлы мемлекет. Кез келген ұлт өкілі мен дін өкілі зайырлы тұрғыда көзқарас ұстанады. Бұл дегеніміз діни немесе конфессияаралық Конституциясында елдегі азаматтардың құқықтары тұрғысында былай делінеді: «Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды» (ҚР Конституциялық Кеңесінің қаулылары, 1999). Яғни Қазақстанда конфессияаралық диалогтың орнығуының кепілі ҚР Конституциясы бола алады.

Сондай-ақ, ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделі үлгілі модельдердің бірі болып отыр. Ең ірі әлемдік діндердің – исламның, христиандықтың және буддизмнің арасындағы шынайы шекарасы тарихи болып

табылатын біздің елімізді «өркениеттердің торабы» деп атауы заңды. Мұнда ғасырлар бойы түрлі этностар мен дін өкілдері бірге өмір сүріп, бірге еңбек етті. Сондықтан Қазақстанда ел халқының көпшілігінде ұқсас құндылықты бағдарларды қалыптастыруға, этникааралық және конфессияаралық келісім мен өзара құрметтің толерантты атмосферасын құруға ықпал ететін түрлі мәдениеттер мен 13 өркениеттің бейбіт қатар өмір сүруінің тарихи баға жетпес, бай тәжірибесі жинақталған» (Әбікенов, 2017). ҚР тарапынан діни диалогты орнату үшін әр түрлі қадамдар жасалуда, соның бірі «Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының Съезі» ҚР тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың басшылығымен Астана қаласында дінаралық және конфессияаралық диалог үшін бірегей алаңға айналған әлемдік деңгейдегі форум – Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының 6 Съезі ҚР-да өтті. Мұндай қадам діни төзімділік пен діни қарым-қатынастардың көрінісі іспеттес. Халықаралық қоғамдастық әлемнің көптеген елдері үшін үлгі бола алатын ұлысаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық тәжірибесін таныды. Бұл съездің алғашқы отырысы 2003 жылғы 23-24 қыркүйекте Астанада өтті. Астанадағы алғашқы діни форумның жұмысына ислам, христандық, иудаизм, синтоизм, индуизм, буддизм діндерінің өкілдері қатысты. Адамзат тарихында алғаш рет ірі діни қауымдастықтардың барлық өкілдері бір залда бас қосты. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының екінші Съезі Астанада 2006 жылғы 12-13 қыркүйек күндері форумды өткізу үшін арнайы салынған ғимаратта – Бейбітшілік және келісім сарайында өтті. Съезге Еуропа, Америка, Африка және Таяу Шығыстың 26 елінен 25 дін басшылары мен 14 құрметті қонақ қатысты. II съезд «Дін, қоғам және халықаралық қауіпсіздік» деген жалпы тақырыппен «Діни наным-сенім бостандығы және басқа діндерді ұстанушыларды құрметтеу» және «Халықаралық қауіпсіздікті нығайтудағы діни қайраткерлердің рөлі» деген екі бағытта болып өтті. II Съезде Н. Назарбаев алдағы жылдардың бірін Діндер мен мәдениеттер арасындағы диалог жылы деп жариялау туралы бастама көтерді. Бұл бастаманы жүзеге асыру БҰҰ Бас Ассамблеясының 62-сессиясында қабылданған 2010 жылды «Мәдениеттерді жақындастырудың халықаралық жылы» деп жариялау туралы қарарында жүзеге асырылды. Съезд қорытындысымен оның қатысушылары барлық діндер мен ұлыстық топтарды мәдени және діни айырмашылықтарға қатысты жанжалдарға жол бермеуге шақырған бірлескен Декларация қабылдады. Бұл құжатта «текетірес идеологиясын» «бейбітшілік мәдениетімен» ауыстырудың жаһандық қажеттігі көрініс тапты. Съезде христиандықтың барлық тармақтарының – православиенің, католицизмнің, протестанттықтың өкілдері болды. 2009 жылғы 1 шілдеде өткен 3-ші Съезде сөйлеген сөзінде ҚР тұңғыш Президенті, Елбасы Н. Назарбаев Қазақстанда 3 мыңнан астам мешіт, шіркеулер және ғибадат үйлері жұмыс істейтінін атап өтіп, «Сан ғасырлар бойы түрлі этностар мен діни нанымдардың рухани мұрасымен кемелденген Қазақстанның біртұтас халқы өз бойына толеранттылық, діни төзімділік және жаңа атаулыны қабылдауға деген ашықтық секілді қасиеттерді қалыптастырған. Сондықтан да біз ғасырлар бойы қалыптасқан осынау адамгершіл императивті бүкіл адамзатқа жеткізуді өз міндетіміз сезінеміз», – деді (Астанадағы Съезде әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары қазіргі заманның басты мәселелері – бейбітшілік пен келісім мәселелерін талқылайды, 2012). Үшінші Съезд 2009 жылы 1-2 шілде күндері өтті, оған Еуропаның, Азияның, Таяу Шығыстың және Американың 35 елінен 77 делегация қатысты. Бұл Съездің басты тақырыбы діни көшбасшылардың рөлі болды, онда толеранттыққа, өзара құрмет пен ынтымақтастыққа негізделген әлемді құруда оларға ерекше үміт жүктелді. Жалпы аталмыш іс-шаралар діни және конфессияларық диалогтың ең басты үлгілерінің бірі де бірегейі болып отыр. Осындай қадамдар дінаралық және конфессияаралық қарым-қатынастарды орнатудағы іс-әрекеттердің бірі де бірегейі болып отыр.

Өзбекстан тарапынан да дінаралық және конфессияаралық байланысты нығайтуда орасан зор қадамдар жасалып келеді. Жалпы Өзбекстандағы діни ахуалға тоқтала кетсек, Орта Азияда орналасқан 6 мемлекеттің бірі, ділі бір түбі түрік мемлекеттерінің қатарына жататын – Өзбекстан. Өзбекстан халқының саны 30 млн адамға жетті. Халық саны жағынан Орта Азиядағы Өзбекстанға халықтың ұдайы өсудің дәстүрлі типі тән, яғни халық саны табиғи өсу есебінен артады. Табиғи өсу жылына 1,7% шамасында, бұл ТМД елдері арасындағы екінші көрсеткіш болып табылады. Туу көрсеткіші 1000 адамға шаққанда 24, ал өлім 7 адамды құрайды. Ел тұрғындарының өмір жасының ұзақтығы – 64 жас. Өзбекстан – көпұлтты республика, мұнда 120-дан ұлттар мен ұлыстардың өкілдері тұрады (Уикипедия

ашық энциклопедиясы, 2020). Өзбекстан – зайырлы мемлекет. Мемлекеттің негізгі заңында барлық діндердің заң алдындағы теңдігі, мемлекетпен діннің бөлінуі нақты айқындалған. Ел аумағында дінді саяси мақсатта пайдалануға тыйым салынған. Өзбекстан халқының 93 пайыздан астамы сүнниттік бағыттың ханафии мазхабын ұстанады. Бұқара және Самарқан аймақтарында шииттік (ирандықтар мен әзірбайжандар) қауымдар бар. Бұл аймақтарда шииттік мешіттер жұмыс жасайды. Шииттер құлшылықтарын көбіне үйлерде және сүнниттік мешіттерде өткізеді. Шииттік имамдар діни білімді елдегі медреселерден алады. Ел аумағында 16 конфессияға тиесілі 2400 аса діни бірлестіктер бар. Діндар мұсылмандар ӨМДБ құзіретінде. «GALLUP INTERNATIONAL» аналитикалық орталығының 2008, 2009 және 2015 жылдары жүргізген сауалнамасы бойынша Өзбекстан халқының 51% – дінге сенеді. 1992 жылы елдегі 100-ге жуық медресенің 20-сы ғана ӨМДБ бағынышты болатын (Бейсенов, 2018). Өзбекстан мемлекетінде өзбек халқымен қатар, басқа ұлт өкілдері мен дін өкілдері, конфессия өкілдері өзара тату, ынтымақтастықта өмір сүріп келеді. Өзбекстан конфессияаралық диалогты орнатуда келелі бастамалар да аз емес. Солардың біреуі Ташкентте конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н. Назарбаев орталығының басқарма төрағасы Болат Сәрсенбаев пен Өзбекстан Министрлер Кабинеті жанындағы Ислам өркениеті орталығының директоры Шоазим Миноваров өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. «Меморандумның мақсаты – өркениетаралық және конфессияаралық диалог саласындағы ортақ жобаларды жүзеге асыру, толеранттылық пен келісім қағидаттарын дамыту. Тараптар дінаралық диалогты дамытудағы өзара тәжірибе алмасу, сондай-ақ екі мемлекет аумағында осы бағыттағы кездесулер, іс-шаралар, форумдар мен саммиттер ұйымдастыру мәселесі бойынша келісімге келді. Екі тарап та әлемнің тұрақты дамуының іргелі шарты әртүрлі конфессиялар, этностар мен мәдениеттер арасындағы диалог, сыйластық пен достық екенін алға тартты», – делінген Н. Назарбаев орталығы таратқан ақпаратта.

Сонымен әлемде ресми мойындалатын үш дін исламның, христиандық, буддизмнің өкілдері посткеңестік елдерде мекен етеді. Ең ірі әлемдік діндердің – исламның, христиандықтың және буддизмнің арасындағы шынайы шекарасы тарихи болып табылатын біздің елімізді «өркениеттердің торабы» деп атауы заңды. Мұнда ғасырлар бойы түрлі этностар мен дін өкілдері бірге өмір сүріп, бірге еңбек етті. Сондықтан Қазақстанда ел халқының көпшілігінде ұқсас құндылықты бағдарларды қалыптастыруға, этникааралық және конфессияаралық келісім мен өзара құрметтің толерантты атмосферасын құруға ықпал ететін түрлі мәдениеттер мен 13 өркениеттердің бейбіт қатар өмір сүруінің тарихи баға жетпес, бай тәжірибесі жинақталған (Назарбаев орталығы мен Өзбекстанның Ислам өркениеті орталығы ынтымақтастық меморандумына қол қойды, 2021).

Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н. Назарбаев орталығының бас сарапшысы Л. Қалыбекова: «Бүгінгі таңда әлем дамуының негізгі процестері тікелей не жанама түрде жаһандық процестермен өзара байланыста болуы уақыт талабы. Осы орайда дамудың маңызды әрі іргелі артықшылықтарының бірі – әр түрлі мәдениеттер мен өркениеттар арасында өзара түсініcтіктің жақсаруы. Қазіргі уақытта барлығына мәлім «мәдени плюрализм» теориясы негізінде қарастыратын болсақ, дін, мәдениет, дәстүр елдер, аймақтар мен өркениеттер арасын біріктіруші фактор ретінде айқындалады. Конфессияаралық түсіністік пен толеранттылықтың маңыздылығын ескере отырып, БҰҰ Бас ассамблеясы 1996 жылы мүше-мемлекеттерге әр жыл сайын 16 қарашаны Халықаралық толеранттылық күні ретінде белгілеу туралы шешім шығарған. 2010 жылы король Абдалла II БҰҰ-на ұсынған бастамасы бойынша әр жылдың ақпан айының алғашқы аптасы «Бүкіл әлемдік конфессияаралық үйлесім аптасы» болып белгіленген. Ал, 2019 жылы Рим Папасы Франциск пен әл-Азхар мешітінің бас имамы Ахмед әл-Тайеб «Адамзат бауырластығы» атты бейбіт өмір сүру мен халықтар сыйластығы жөнінде тарихи тұжырымдамаға қол қойған болатын. Екі тараптың да мақсаты айқын еді – адамдарды бейбіт өмір сүруге шақыру, өркениеттік дамуына теріс әсерін тигізіп келе жатқан экстремизммен бірлесіп күресу (Калилаханова және т.б., 2014: 13).

Тарихи тұлғалардың конфессияаралық келісімге шақырған қадамдары XVI ғасырдан бастау алып, бірнеше ғасырлар бойы жалғасын тауып келе жатқаны тарихтан белгілі дерек. Ал, 2001 жылы 11 қыркүйектегі АҚШ-та орын алған жарылыс жағдайынан кейін, конфессияаралық келісім орнату, өзгенің діні туралы хабардар болу және діни сезімдерін қорламау, бейбітшілік орнатуға ынталы болу күшейе түсті, әлем қауымдастығы

алдында жаңа міндеттер пайда болды. Осы негіздерге сүйене отырып, дүниежүзілік деңгейдегі төзімділік, сабырлылық, ұстамдылық мәселелері қолға алына бастады және оның бүгінгі күнге берген нәтижесі де жоқ емес. Дүниежүзі деңгейінде келіссөздерге келу, съезд, конференция, семинарлар ұйымдастырылуы оның дәлелі бола алады. Сондықтан болар, әлем бойынша жергілікті, ұлттық және халықаралық деңгейде конфессияаралық бастамаларға негізделген ұйымдар мен орталықтар ашу қажеттілігі күшейе түсті, ал қазіргі жағдайда олардың уақыт талабына сай қызметі мен мақсатының өрісі де кеңейіп келеді. Бұдан көріп отырғанымыздай, жаһандық күн тәртібінде әлем бойынша экстремизм мен терроризммен күресу, экология және тұрақты даму мәселесі, ядролық қарудан бас тарту, жаһандық қауіпсіздікті сақтау мәселелері өзекті болып отыр. Бұл орайда, конфессияаралық келісім мен тұрақтылықты сақтау мәселесінің де маңызы зор.

Қазақстан мен Өзбекстан үшін конфессияаралық келісімді дамыту мәселесі жат жаңалық емес, бүгінгі күнге дейін жүзеге асырылған мемлекеттік деңгейдегі іс-шаралар мен бастамалар әлем қауымдастығы алдында үлкен қызығушылыққа ие, дінаралық келісімнің қалыптасқан «қазақстандық моделі» деген сөз тіркесі де халықаралық деңгейде кең танымалдылыққа ие. Конфессияаралық және өркениетаралық келісімнің жасампаздық әлеуеті ел ішінде ғана емес, халықаралық деңгейде де бітімгершілікке бастай алатынын мемлекетіміз әлемге дәлелдей білді. 2000 жылдардың басында конфессиялар мен халықтарды жақындастыру үшін 2011 жылдың қыркүйегінде Рим Папасы Иоанн Павел II-нің ел астанасына тарихи сапары, 2002 жылы маусым айында Алматыда АӨСШК-нің бірінші саммиті, сондай-ақ, 2003 жылы ақпан айында Халықаралық бейбітшілік және келісім конференциясы ұйымдастырылды» (Қалыбекова, 2020).

## Нәтижелері және талқылама

Мақаланың нәтижелеріне келсек, елдер, мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты көркейтудегі қадамдар мен іс-шаралардың оң нәтижелері ол бүгінгі елдер арасындағы бүгінгі бейбіт өмір келбеті. Қазіргі таңда Қазақстан мемлекеті әр түрлі діндердің қызмет атқаруына рұқсат бере отырып, өркениетті елдердегідей зайырлылық принциптерін рухани кеңістікте ұстанады. Қазақстан Республикасының Ата Заңы – Конституция бойынша оның I бөлімінің I бабында «демократиялық, зайырлы, құқықты және әлеуметтік мемлекет» деп көрсетілген (Қазақстан Республикасы Конституциясы. Алматы, 1995). Олай болса Конституциядағы жазылған осы сөздер Қазақстанның кез келген жағдайда да қай елмен болмасын аталмыш ұстаныммен жүретінін, бұл ұстанымның бейбітшіліктің формуласы болатынын көрсетеді. Сондай-ақ, Өзбекстан да зайырлылық принциптері мен діндарлық ұстанымдарын қатар алып жүрген мемлекеттердің бірі екені айқын.

## Қорытынды

Сонымен мақаламызды қорытындылай келе, соңғы жылдағы әлемде орын алып отырған пандемия жағдайында, дүниежүзі халықтарының басына төнген қауіппен бір жеңнен қол шығарып, күресудегі адамзат баласының түйген ойының ең үлкені ол денсаулық екені белгілі болды. Осы денсаулықты күту барысында жасалған іс-шаралар, ауруды ауыздықтаудағы алғы шарттар мемлекетаралық келісімдерге сай жүзеге асып отыр. Жалпы ұларалық, дінаралық, конфессияаралық келісімдердің, диалогтың осы тұстағы маңызы орасан зор болды. Мемлекетаралық диалогтың осы орайдағы ойнайтын рөлі де шексіз. Бейбітшілік пен бітімгерліктің ұлттық, нәсілдік, діни белгілерге қарамайтынын, ортақ ауызбіршілік пен ынтымақтастықтың адамзат өміріндегі басты қағидаттардың болуы тиіс екені даусыз.

Мақаладағы мысалға алынып отырған екі ел Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы саяси-экономикалық, мәдени, дінаралық, конфессияаралық қарым-қатынастар үлгі боларлық деңгейде, өзара түсіністікке негізделген деп айта аламыз. Екі елдің өзара татулығы мен ауызбіршілігі мақтанарлық дәрежеде деп айтсақ артық айтпаған болар едік. Екі ел арасында басшылардың осы орайдағы кездесулері мен келісімшарттары мен меморандумдар оның айғағы іспеттес. 2020 жылдың 26 қарашасында Тұңғыш Президенті күні қарсаңында Нұр-Сұлтан қаласында, Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қатысуымен Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н. Назарбаев орталығы «Орталық Азияның конфессионалды әлемі: жағдайы, тәуекел мен шешімдері» халықаралық онлайн-конференциясын өткізді. «Орталық Азия – аймақтағы жетекші күштердің бірі. Біздің елдерімізді достық қатынастар мен стратегиялық серіктестік біріктіреді,

бізді ортақ тарих, дін және бай мәдени мұра байланыстырады. Бәріміздің бірлігіміз бен күшіміз өзара сыйластықта, әртүрлілікте және әртүрлі конфессияларда. Біздің жүрегіміз, ойымыз бен көзқарасымыз диалогқа ашық», – деді Алтай Әбибуллаев (Орталық Азияның конфессионалды әлемі: жағдайы, тәуекел мен шешімдері, 2020). Конфессияаралық қарым-қатынастардың өзара диалогта болуы елдегі бейбітшіліктің кепілі болатынына сенімдіміз.

**Әдебиеттер**


«Діни қызмет және діни бірлестіктер» туралы Қазақстан Республикасының заңы». 2017. – Алматы: «ҚР ДІА» баспасы. – 123.

Астанадағы Съезде әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары қазіргі заманның басты мәселелері – бейбітшілік пен келісім мәселелерін талқылайды (2012) https://www.inform.kz/kz/astanadagy-s-ezde-alemdik-zhane-dasturli-dinder-koshbasshylary-kazirgi-zamannyn-basty-maseleleri-beybitshilik-pen-kelisim-maselelerin-talkylaydy_a2467012

Әбікенов Ж. (2017) Ұлтаралық және конфессия аралық келісімнің қазақстандық моделі https://emirsaba.org/ltarali-jene-konfessiyaarali-kelisimni-azastandi-modeli.html

Бейсенов Б. (2018) Орта Азия елдеріндегі дін және қоғам. https://qamshy.kz/article/40730-orta-aziya-elderindegi-dindgane-qogham#

Гараджа В.И. (1996) Социология религии: учеб. пособие для студентов и аспирантов – М.: «Аспект Пресс». – 223.

Қазақстан Республикасы Конституциясы (1995). – Алматы: «Алматыкітап» баспасы. – 125.

Қалыбекова Л. (2020) Конфессияаралық және ұлтаралық келісім – жаһан күн тәртібінде. https://kazislam.kz/konfessiyaaralyq-zhane-ultaralyq-kelisim-zhahandyq-kun-tartibinde/\

ҚР Конституциялық Кеңесінің 10.03.99 ж. № 2/2; 22.03.99 № 7/2 қаулылар. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005029

Калилаханова К.Т. және т.б. (2014) / Құраст. Мемлекет және дін. – Астана: «ҚР ДІА» баспасы. – 34.

Назарбаев орталығы мен Өзбекстанның Ислам өркениеті орталығы ынтымақтастық меморандумына қол қойды (2021) https://lenta.inform.kz/kz/n-nazarbaev-ortalygy-men-ozbekstannyn-islam-orkenieti-ortalygy-yntymaktastyk-memorandumyna-kol-koydy_a3760512

Орталық Азияның конфессионалды әлемі: жағдайы, тәуекел мен шешімдері. http://kazgazeta.kz/news/109251

Өзбекстан Президентінің діни резенансы http://kazanalytics.kz/%D3%A9%D0%B7%D0%B1%D0%B5%D0%BA-%D0%BF%D1%80%D0%B5%D0%B7%D0%B8%D0%B4%D0%B5%D0%BD%D1%82%D1%96%D0%BD%D1%96%D2%A3-%D0%B4%D1%96%D0%BD%D0%B8-%D1%80%D0%B5%D0%BD%D0%B5%D1%81%D1%81%D0%B0%D0%BD%D1%81%D1%8B/

Сарсенбаева З. (1996) Этнос и ценности. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК. – 398.

Уикипедия ашық энциклопедиясы (2020) https://kk.wikipedia.org/wiki/%D3%A8%D0%B7%D0%B1%D0%B5%D0%BA%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD

Ясауи Қожа Ахмет (1993) «Диуани Хикмет» (Даналық кітабы)». Алматы: «Мұраттас ғылыми-зерттеу баспа орталығы». – 262.


**References**


«Dini kyzmet zhane dini birlestikter» turaly Kazaghstan Respublikasynyn zany (2017) [Law of the Republic of Kazakhstan "On Religious Activity and Religious Associations"]. – Almaty: Almatykitap baspasy. – 123.

Astanadaghy Syiezde alemdik zhane dastyrli dinder koshbasshylary kazirgi zamannyn basty maseleleri - beibitshilik pen kelisim maselelerin talkhylady (2012) [In Astana, the leaders of the world's leading religions discussed the main issues of our time - the issues of peace and harmony]. https://www.inform.kz/kz/astanadagy-s-ezde-alemdik-zhane-dasturli-dinder-koshbasshylary-kazirgi-zamannyn-basty-maseleleri-beybitshilik-pen-kelisim-maselelerin-talkylaydy_a2467012 25.05.2012.

Abikenov Zh. (2017) Ultaralyk zhane konfessia aralyk kelisimnin kazaghstandyk modeli [Kazakhstan's model of interethnic and interfaith harmony]. https://emirsaba.org/ltarali-jene-konfessiyaarali-kelisimni-azastandi-modeli.html

Beisenov B. (2018) Orta Azia elderindegi din zhane qogham [Religion and the Society in Central Asian Countries]. https://qamshy.kz/article/ 40730-orta-aziya-elderindegi-din-jane-qogham#

Garadzha V.I. (1996) Sociologia religii: Uchebnaya posobie dlia studentov i aspirantov [Sociology of Religion: A Study Guide for Undergraduate and Postgraduate Students ]. – M.: «Aspekt Press» – 223.

Kazakhstan Respublikasy Konstituciasy (1995) [The Constitution of the Republic of Kazakhstan]. Almaty: Almatykitap baspasy. – 125.

Kalybekova L. (2020) Konfessijaaralyk zhәne ultaralyk kelisim – zhahan kyn tartibinde [Interfaith and international agreement - on the agenda]. https://kazislam.kz/konfessiyaaralyq-zhane-ultaralyq-kelisim-zhahandyq-kun-tartibinde/

KR Konstitusijalyk Kenesinin 10.03.99 zh. № 2/2; 22.03.99 № 7/2 kaulylar (2019) [Resolutions of the Constitutional Council of the Republic of Kazakhstan]. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005029 23.03.2019

Kurast. K.T. Kalilahanova zhane t.b. (2014) Memleket zhane din [The Country and the Religion]. – Astana: «KR DIA» baspasy. – 34.

Nazarbaev ortalyghy men Ozbekstannyn Islam orkenieti ortalyghy yntymaghtastygh memorandumyna kol koidy (2021) [Nazarbayev signed a memorandum of cooperation between the Center and the Islamic Organization of Uzbekistan]. https://lenta.inform.kz/kz/n-nazarbaev-ortalygy-men-ozbekstannyn-islam-orkenieti-ortalygy-yntymaktastyk-memorandumyna-kol-koydy_a3760512

Ortalygh Azijanyn konfessionaldy alemi: zhaghdai, təuekel men sheshimderi (2020) [Confessional world of Central Asia: condition, risks and solutions]. http://kazgazeta.kz/news/109251 27.11.2020

Sarsenbaeva Z. (1996) Jetnos i cennosti [Ethnicity and values]. – Almaty: Institut filosofii, politologii i religiovedenia KN MON RK. – 398.

Wikipedia ashyk jenciklopediasy (2020) [Wikipedia]. https://kk.wikipedia.org/wiki/%D3%A8%D0%B7%D0%B1%D0%B5%D0%BA%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD

Yasawi Kozha Ahmet (1993) «Diuani Hikmet» (Danalyk kitaby)» [“Diuani Hikmet” (Book of Wisdom)]. – Almaty: Murattas ghylymi-zertteu baspa ortalyghy. – 62.

# АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ – ABOUT THE AUTHORS – СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

**Ali Rafet Özkan** – доктор, Кастаному университеті, теология факультеті, философия және дінтану кафедрасының профессоры, Кастаному қ., Түркия

**Альмухаметов Али Рауфұлы** – философия ғылымдарының кандидаты, доцент, Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы қ., Қазақстан

**Байжума Самет** – PhD докторант, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, дінтану және мәдениеттану кафедрасы, Алматы қ., Қазақстан

**Байтенова Нағима Жаулыбайқызы** – философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, дінтану және мәдениеттану кафедрасының профессоры, Алматы қ., Қазақстан

**Бишманов Кәкімжан Мұратжанұлы** – заң ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, дінтану және мәдениеттану кафедрасының профессоры, Алматы қ., Қазақстан

**Жоломанова Алма Хайраулловна** – PhD докторант, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, философия және мәдениет теориясы кафедрасы, Қарағанды қ., Қазақстан

**Камалова Фэриде Болатқызы** – PhD, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Экономика және құқық институты, философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, Қызылорда қ., Қазақстан

**Карипбаев Байжол Ысқақұлы** – философия ғылымдарының докторы, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, философия және мәдениет теориясы кафедрасының профессоры, Қарағанды қ., Қазақстан

**Керім Шәмшадин Тұрсынұлы** – филология ғылымдарының докторы, дінтану кафедрасының профессоры, Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы қ., Қазақстан

**Купешов Қанат Өміртайұлы** – PhD докторант, Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы қ., Қазақстан

**Мейірбаев Бекжан Берікбайұлы** – философия ғылымдарының кандидаты, доцент, Әл-Фараби орталығының директоры, Алматы қ., Қазақстан

**Мирзаходжаев Абдулла Абибуллаұлы** – PhD докторант, Өзбекстан халықаралық ислам академиясы, Ташкент қ., Өзбекстан

**Орынбеков Нұрлан Аманғазыұлы** – PhD докторант, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, дінтану және мәдениеттану кафедрасы, Алматы қ., Қазақстан

**Сатершинов Бақытжан Меңлібекұлы** – философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы қ., Қазақстан

**Сейтахметова Наталья Львовна** – философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы қ., Қазақстан

**Тунгатова Ұлжан Асқарбайқызы** – PhD докторант, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, дінтану және мәдениеттану кафедрасының аға оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан

# МАЗМҰНЫ – CONTENT– СОДЕРЖАНИЕ

*Baitenova N., Meirbayev B., Baizhuma S.*
Trends in the development of the religious situation in post-secular society in Kazakhstan over the years of independence ........ 4

*Сатершинов Б., Сейтахметова Н., Купешов К.*
Ортағасыр дәуіріндегі христиандар мен мұсылмандардың өзара әрекеттесуіндегі діни стереотиптер ......... 10

*Zholomanova A., Karipbayev B.*
The crisis of the modern worldview and the category of death (based on Vedic philosophy) ........ 19

*Керім Ш., Альмухаметов А.*
Укаша ата мен Қорасан ата туралы хикаяттар ........ 25

*Bishmanov K., Orynbekov N.*
The threat of religious extremism in Kazakhstan and the role of religious education in limitation ........ 33

*Камалова Ф., Тунгатова Ұ.*
Ұлттық кодты нығайтудағы Қазақстанның киелі жерлерінің маңыздылығы ........ 41

**Шетел басылымдары – Foreign publications – Зарубежные публикации**

*Ali Rafet Özkan*
Teologia Universalis: the academic contributions of the faculty of theology for Kastamonu University to the international sciences ........ 51

*Мирзаходжаев А.*
Конфессияаралық диалогтың маңыздылығы мен орны (Қазақстан мен Өзбекстан тәжірибесінде) ........ 60